Серуен	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ оқу. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды**	**№ 2** **Күннің көзін бақылау** **Мақсаты:** Ауа райын ажырата білуге үйрету (бұлтты, не ашық). Себеп – салдар жағдайларын да бақылауға және болжауға үйрету: күн сәулесінің қызуы шамалы – өсімдіктер құрап, адамдар жылы киім киеді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақтар жасыру. Ақ сандығым ашылды, Жұрттың бәрі соны сүйеді, Ішінен жібек шашылды. Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) (Күн) **Коммуникативтік дағды**	**№ 1** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру. Қорытынды: Желге қарсы жүгіру қиын. Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру» Мақсаты: Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. Физикалық қасиеттерін жетілдіру Еңбек: Тәрбиешіге көмек Мақсаты: Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы	**№ 2** **Шөптін солуын бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ шешу. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын**:** **«Көгершін»** ойын (шешен-ингуш ұлттық ойыны) Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау.** *Мақсаты:* Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы	**№3** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты***:* Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ Көкөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. **Коммуникативтік дағды Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!»** **Мақсаты:** Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу. **(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)** **«АБАЙЛАҢЫЗ,ТЕРЕЗЕ!»** Ұзақтығы: күні бойы Топ: ересек (4 жастағы балалар) Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға жазатайым

	Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны) **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Ұлттық ойын: «**Сақина жасыру» Ойын шарты:Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмылы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы	***Қимылды ойын:*** **«Күн шуағы мен жаңбыр»** **Мақсаты:** Дабыл соғылғанша өз орындарын табу: «Жаңбыр жауып тұр», «Күн нұрын шашып тұр»; алаң бойынша қозғалыс, бір – біріне кедергі жасамау, ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: «Гүлдердің тұқымдарын жинау»** **Мақсаты:** Гүлдердің тұқымдарын жинастыру. Еңбекке жағымды, әсерлі болуға тәрбиелеу және өсімдіктерге деген қамқорлықты жасауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. Танымдық іс – әрекет дағдылары Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) Коммуникативтік дағды **Ұлттық ойын:** «Соқыр теке» Ойын шарты:Ойнайтын балалар қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғарыда көрсетілгендей мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Егер далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатысушылар осы шеңберден шықпауы керек.Ойынды жүргізуші «тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, «Соқыр теке» былай дейді: Қараңғыда көзім жоқ, Тиіп кетсем сөзім жоқ Маған жақын келіңдер, Біреуін ұстап беріңдер. Мұнан кейін «Соқыртекені» айнала қоршаған балалар Соқыр, соқыр, соқырақ Ұмтыла қу ұстауға Тырысамын түспеуге Сенің айла, қуыңа Ал ұстап көр батырым Міне келе жатырмыз,-деп өлеңдерді бірге қосылып айтады.Өлең айтылып	орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету. Міндеттері: ▪ Балаларға терезелер неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. ▪ Балаларға терезенің жанында өзін ұстау ережелерін үйрету. Материалдармен ресурстар: Терезелердің жанында дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсететін суреттер немесе карточкалар. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Терезелердің жанында сақ болудыңмаңыздылығы туралы әңгімелеу. Терезелералдындағықауіптер: Педагог қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда терезелер қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Мысалы, «Егер сіз ашық терезеге тым жақын болсаңыз, құлап кетуіңіз мүмкін», «Тереземен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды». Терезе маңындағы тәртіп ережелері: 1-ереже. Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз.Түсіндіру: «Егер терезе ашық болса, одан аулақ болыңыз».2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз. Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғақ болып, құлапқалуыңыз мүмкін». 3-ереже. Ересектердің рұқсатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру: «Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұқсат сұраңыз». 4-ереже. Егер сіз ашық терезені көрсеңіз, ересектерге айтыңыз. Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз».

	керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді **Бір тұтас тәрбие**		болысымен,«Соқыртеке» шеңбер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қадағаланады. «Соқыртеке» ұстаған бала оның орнына тұрады. Ойын қайта басталады **“Адал азамат”**		**қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті). «**Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну**»-табиғы ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, әзірлеу. **Мақал**:Су бергеннің сауабы бар, су төккеннің жауабы бар. **Қоршаған әлеммен таныстыру Өнегелі 15 минут**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау**. (Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету**)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдауды дамыту**(сөйлеуді дамыту) бір тұтас тәрбие** Жапырақтарды салыстыру сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру	Геометриялық пішіндерді тану және атау дағдыларын пысықтау. Жемістер мен көкөністердің суретіне геометриялық пішіндерді беттестіріп қойып,	**Вариативтік компонент: «Табиғатты аялайық» Тақырыбы:** «Өлі және тірі табиғат» Мақсаты: Балаларға өлі және тірі табиғат туралы түсінік беру. Табиғаттағы құбылыстардың өзара қатынасы, бір-бірімен байланыстылығы жөніндегі	Қыстайтын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы мультфильм қарау. Неге олар ұшып кетеді деген сұраққа балалардың пікірін тыңдау. (**Тіл дамыту) экологиялық тәрбие** Геометриялық пішіндерді тану және атау, жапсырған құстарын	Ағаштарды қандай геометриялық пішіндерден жасауға болады ойларын айтуды үйрету**. (математика негіздері) экологиялық тәрбие** Еркін ойын. Балалардың қалауы бойынша апта бойы жасаған жұмыстарын

	(Математика негіздері)	қай пішінге ұқсайтынын анықтауды жетілдіру. **(Математика негіздері) Құрастыру** материалдарынан жемістер мен көкөністерді салатын қораптарды жасау. **(Құрастыру)**	білімін кеңейту. Табиғат құбылысын қабылдай білуге, сезінуге тәрбиелеу. **Барысы:** «Мына ғажап әлемде» шаттық шеңбері. «Табиғат» бейнежазбасын тамашалау. Бейнежазбаны әңгімелеп, талқылау. Тәжірибе: құм мен тасты әйнек арқылы бақылау. Ауыр немесе жеңіл қасиеттерін бақылау. «Құм, тас, су» ойыны. Мақсаты: зейінділікке, шапшаңдыққа баулу. Сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту.	қандай пішіндерден құрады айтып беруді менгерту (**математика негіздері)**	қайталау**. (Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс: Тұрған орнында қос аяқпен алға қарай жылжып, биіктен және ұзындыққа секіреді.Тік нысанға заттарды лақтырады **Физикалық дағды**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс: педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады: **Коммуникативтік дағдыларын дамыту**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **ж**еке жұмыс: Ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттейді,ішінара атайды **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс: Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүіндей алады **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс: сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды: **Әлеумет**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	№ 1	№ 2	№ 1	№ 2	№ 3
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу.	Ата-аналарга балалардьщ тазалығы, денсаулыктары жайлы кунделікті айту,	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ата-аналармен балалардын коршаған ортамен, достарымен карым- катынасы жайлы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Отансыз адам – ормансыз бұлбұл»

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Тобы: «Ботақан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 06 – 10 қазан 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» Әнұран айту. **“Адал азамат”**	Достарым әнімен қарсы алу Күй әуенін қосу**.** **Күй күмбірі**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу Күй әуенін қосу.**Күй күмбірі**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу Күй әуенін қосу.**Күй күмбірі**	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу Күй әуенін қосу.**Күй күмбірі**
	Апта дәйек сөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. бағдаршамның белгілеріне үйретуді жалғастыру, **“Адал азамат”**	«Мен Отаныммен мақтанамын!» ертеңгілігіне дайындық жасау,тақпақ, ән. **“Адал азамат”**	Өсімдіктерге жасаған күтім нәтижесін көрсету, байқағыштығын қалыптастыру. **Экологиялық тәрбие**	«Кім жылдам?» Желдің қай жақтан соғып тұрғанын бақылауын ұйымдастыру **Экологиялық тәрбие**	көңілді музыкаға, еркін би қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру музыка
Таңертенгі жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №4 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындату				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру “Адал азамат”				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Математика негіздері	Құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. Құрастыру	Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Қоршаған әлеммен таныстыру	Қағаздан құрастыру: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу Құрастыру	Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейінжеткізе білу, оны жақсы орындау. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диканның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық- түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

					Қоршаған әлеммен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі(таза ауада) Міндеттері: Үш дөңгелекті велосипед тебуге, онымен бұрылуға үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы орындалатын тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Ирелеңдеп» жүру мен жүгіруге жаттығу, заттарды оң жағынан және сол жағынан айналып өту қабілетін жетілдіру. Допты саусақтардың ұшымен итеріп, кілемшелердің арасымен «жыланша» ирелеңдетіп домалату қабілетін нығайту. Еденнен бір уақытта қос аяқтап қатты серпіліп көтерілу, жерге түскен кезде тізені аздап бүгу қабілетін нығайтуды жалғастырамыз. Бұлшық еттерін нығайтуға ынталандыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Ұйымдастыру кезеңі. Қимыл-қозғалыс жасайтын алаңның үлгісін жасау: массажға арналған төсеніштерді екі қатарға жаяды. Балалардың назарын төсеніштерге аударады. Сиқырлы төсеніштердің балаларға епті болуға көмектесетінін айтады. II. Негізгі кезең. Тізбекте бір-бірден тез	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. **Негізгі кезең** Тізбекте бір-бірден, екіден жүру және жүгіру жаттығуларын орындау. Жаттығулардың орындалу барысын қадағалау. **Ойын түріндегі жаттығу:** «Мен сияқты жаса!» – қолды әртүрлі қалыпта ұстап реттеу жаттығуларын орындау. **Шапалақтау арқылы жалпы дамытатын**	**Музыка** Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып, оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады.Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп,ойын шартынтүсіндіреді.Шымылдық артындағы бала өзінің қалағанаспабынойнайды. Шеңбер бойында отырған балалар ,аспапты үнінен танып атауы тиіс. **Қанатты достар** **Міндеттері:** Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту.	**Дене тәрбиесі** **Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру. **Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды** Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл»** Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру. Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еденнен аяқтарымен	**«Әдемі торғай»** **Міндеттері:** Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту; саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Педагог балаларға тақпақ оқиды:** Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ап. Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ. – Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама беріңдерші? – Ол қалай қоректенеді? Сөздік жұмыс: шырылдайды, гуілдейді, қаңқылдайды, қарқылдайды, шықылықтайды. Сергіту сәті. Кәне, қанат жазайық, Құс боп желмен ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға қонайық. **Торғай туралы мәлімет беріледі.** Оның дене құрылысына талдау жасалады. – Балалар, біз бүгін торғайды мүсіндесек қайтеді? – Торғайды мүсіндеп,

	адымдап жүру және жүгіру, екеуін кезекпен орындау. Тізбекте бірбірден өкшемен жүру (арқадағы бұлшық еттерді дамытады), аяқтың ұшымен жүру (жалпақтабанның алдын алады). Аяқтың ұшымен жүгіру. Кәдімгі жүріс. Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау (массаж жасайтын төсенішпен) 1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып, қолды төмен түсіріп тұрамыз. П.: қолды алға, кеуденің деңгейіне, жоғары көтереміз, түсіреміз, бұрынғы қалпына қоямыз. 2. Б.қ.: сол қалып. Қолды белге қоямыз. П.: отырамыз, қолдарымызбен еденді ұстап, тұрамыз, бастапқы қалпымызға қайтып ораламыз. 3. Б.қ.: қолды белге қойып, тізерлеп тұрамыз. П: алға қарай еңкейеміз (солға). 4. Б.қ.: отырамыз, аяғымызды тік ұстаймыз, қолдарымызды артқа қойып тірейміз. П.: тіземізді бүгіп, ішімізге қарай көтереміз. 5. Б.қ.: аяқтарымыз ды қосып, қолымызды белге қоямыз. П.: екі аяқтап секіреміз, жүреміз (екеуін кезекпен орындаймыз. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде лек-лекпен орындау, балалардың	**жаттығуларды орындау.** **Ойын түріндегі жаттығу: «Орын алмасыңдар»** **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:** Бір қатарға арасы 1 метр қашықтықпен қойылған 5 заттың арасымен доптарды домалату. Түсіндіру және көрсету: допты саусақтармен қатты итермейміз, оны кегельдерді айналып өтетіндей етіп оңға, солға бұрып отырамыз. Допты кегельдер арасымен домалатқан кезде балалардың арақашықтықтарын сақтауын қадағалау. Бір орында тұрып оңға, солға бұрылып секіру. Секіру жаттығуларының орындалу тәртібі мен дұрыстығын көрсету: өзін айналып бұрылған кезде бірнеше бұрылысты ізбе-із орындау қажет. **«Көгершінді қуып жет» ойын** **Шарты:** Көгершіннің макетімен залды айналып жүгіру, балаларды макеттің соңынан жүгіріп, белсенді қимылдауға ынталандыру. **Ойын: «Кім зейінді?»** Балаларды ынталандыру Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді	Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқып, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды көңіл күй қалыптастыру. «Тырналар» Қастек Баянбай Аспанда самғайды, Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды, Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда. Бірлікті кім мұндай? Бұзылмас қатары. Кәдімгі шынжырдай. Күз белгілерін айтуды ұсынады. Ауа райын күнтізбеге белгілеу. Жұмбақ жасыру. Қанаты бар талмайтын, Биіктерге самғайтын. Неше түрлі әнге сап, Жер-әлемді шарлайтын. (Құстар) – Құстар табиғаттың жанды әлде жансыз бөлігі ме? Күзде құстардың тіршілігінде қандай өзгерістер болады? Құстардың барлығы ұшып кете ме? **Негізгі кезең** Құстар бейнеленген суреттерді қарастыру, әңгімелесу. Өздері білетін құстарды атайды: қарға, торғай, қарлығаш, бұлбұл, тырна, қараторғай, сарышымшық, суықторғай. Қандай құстарды жыл құсы	екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру**.** Үш доғаның астымен еңбектеп өту. Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады. **«Кім епті?» ойыны** **Шарты:** 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту. **Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат»** Педагог ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді. **«Қарынға массаж жасайын» ойыны** Ұйымдастырылған іс-әрекетті әрі қарай жалғастыру. Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру**. (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру **(құрастыру)** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік	суреттегі торғай қонып отырған ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. – Торғайды жасау үшін екі домалақ дайындап аламыз, үлкені – денесі, кішісі – басы болады. Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп, екі саусақпен қысып құйрығын шығарып, құйрығының ұшын жалпақтаймыз. Кішкентай домалақ бөлшек құстың басы болады, екіншісінің де құйрығын солай созамыз. Енді екеуін қосамыз. Құстың аяғын жасаймыз. Дайын құсты ағаштың бір бұтағына орналастырамыз. Ағаштың бұтағын қағаздан қиып алып жабыстырамыз. Дидактикалық ойын: «Не қалай дыбыстайды?» Әртүрлі құстардың суреті көрсетіледі. «Жапалақ» ойынын ойнайды. «Күн» дегенде балалар «ұшады», жапалақ дегенде ұйықтайды, «түн» дегенде құстар ұйықтайды, жапалақ ұшады.Ұйықтамаған «құсты» ұясына алып кетеді. **(қоршаған әлеммен таныстыру, жапсыру, мүсіндеу)** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. Біз қамқоршы баламыз, Құстарға ұя саламыз. Жемдерін беріп қыс бойы, Көмекші бала боламыз. Өлең айтып, ән шырқап, Құстарға дос боламыз. **(көркем әдебиет)** Көп - аз ойыны.

	назарын тапсырманы орындағанда арақашықтықтарын сақтауға аударады. Төсеніштердің арасымен «жыланша ирелеңдеп» жүру, жүгіру. Допты төсеніштердің арасымен «жыланша» домалату. Балалардың назарын допты қолдың саусақтарымен екпінмен итеру керектігіне аударады (қол моторикасын дамыту). Спорттық жаттығулар Үш дөңгелекті велосипед тебу. «Кім тезірек келеді» Шарты: Екі қатарға бөлініп,жарысып ойнайды,қай топ бірінші келсе,сол топ жеңімпаз болады. «Орныңды тап!» Шапрты: Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Нұсқау: еденнен екі аяқпен бір уақытта екпінмен итерілу, тізені аздап бүгіп, жерге аяқтың ұшымен түсу. Тыныс алу жаттығуы: «Ара» Педагог қалай тұру керектігін көрсетеді: қолдарын кеудесіне айқастырып, бастарын төмен түсіріп, денені тік ұстап тұрады. Ара ызыңдады: «Жу-жу-жу» (кеуде қуысын қысып, демді сыртқа шығарған кезде: ж-ж-ж деген дыбыс шығарамыз, содан соң тыныс алған кезде қолдарымызды қапталға созып, иықтарымызды	салыстыру. **(математика негіздері)** Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау. Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Құстардың тіршілік ететін ортасы туралы әңгімелесу. **(Тіл дамыту)** **Ұлттық ойын: «Бөрік жасырмақ»** Ойын шарты: Ойынға қатысушылар араларынан бір ойыншы шығарып, алыстау жерге таман барып, бөркін немесе басқа бір бір белгілі затын жасыруға жібереді және өзі де сол маңайына жасырынуы керек.Қалған ойыншылар тығылған ойыншылардың тыққан затын іздеуге кіріседі.Кімде-кім тығылған бөрікті көріп қойып алуға қам жасаса онда иесі бермеуге тырысады.Бермеудің жаңдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады.Ал көрген ойыншы ала алмай қалса, онда иесі қорып,бөрікке жібермеуге тырысады.Бермеудің жағдайы – екеуі бірдей бас салып бөрікке таласу емес, қай бұрын алғаны алады, ал көрген ойыншы	деп атайды (бұлбұл, қарлығаш, тырна, қараторғай). Ал қандай құстарды қыстап қалатын құстар деп атайды? (Торғай, қарға, сарышымшық, суықторғай). Неліктен құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Құстардың жылы жаққа ұшып кету себебі «күн суытып, құстардың жейтін қорегі қалмауы, жәндіктердің жоғалуы» деген секілді болжамдарын айтады. (**Қоршаған әлеммен таныстыру**) **Әртүрлі құстар туралы жұмбақтар жасырады.** 1.Сирағы ұзын, Тырнағы ұзын. Балықты сүзбей, Ұстайтын шоқып, Тұмсығы біздей. (Тырна) 2. Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты, Ұшқырлардың жүйрігі. (Қарлығаш) 3.Тақылдатып, Мазаны ап, Ағаштарды тазалап, Ормандарды емдейді, Зиянкесті жазалап. (Тоқылдақ) 4.Жем көрсе, Шықылықтап қалтаңдайды, Сескенсе, Жыпылықтап жалтаңдайды. (Сауысқан) 5.Қара түсті қарқылдақ, Ұшып-қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап.	сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету **(көркем әдебиет)** Тамақты ішсең күнде сен Белгілі бір мезгілде Таңертең, түсте,түстен соң Жатар алды кезінде, Балаларға уақытты бағдарлауға үйрету. (математика негіздері) Ас адамның арқауы Дені саудың жаны сау мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп, сөйлеу тілдерін дамыту **(Тіл дамыту)** **Ұлттық ойын:** «Арқан тарту.» Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса ,құламаған бала жеңіске жетеді. **“Адал азамат”**	Құстарды топтастыру,әңгімелесу. **(математика негіздері)** **Ұлттық ойын:** «Сақина жасыру» **Ойын шарты:**Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. **“Адал азамат”**

	жазып айтамыз …) Ыжылдаймын-ыжылдаймын, Осылайша бал жинаймын. 5 рет қайталайды. Балалардың мұрын арқылы әрі терең дем алуына көңіл бөліңіз. Педагог тақпақ айтып береді: Денсаулық ол – шыныққан,барлық дене мүшесі. Денсаулық ол – тыныққан, жүйке тамыр жүйесі. Денсаулық ол – күлуің, көңіл күйің жадырай, Денсаулық ол – жүруің, Ешбір жерің ауырмай. Қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет,қазақ тілі «Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді. Тіл дамыту «Бағдаршам» ойыны Шарты: Дөңгелек затты бастырып,бағдаршам бейнесін жасау. Сурет салу Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады. Құрастыру Музыка Музыкалық аспап түрлерін (домбыра,сыбызғы,шаңқобыз) ажырату.Музыка аспаптарының дыбыстарына қосылып,	ала алмай қалса, онда иесі қорқып, бөрікке жібермеуге тырысады.Ал басқалардың қай-қайсысы болмасын бөріктің иесіне қол тигізіп, күш жұмсауына болмайды.Қайткендеде алдап жүріп алып, оны жүргізушіге ертіп келулері керек.Келесі жолы бөрікті әкелген ойыншы барады да , ойынаушының уақыттары жеткенше ойын жалғаса береді. **“Адал азамат”** **Қазақ тілі** Байланыстыра сөйлеу: **Тілдік дамытушы орта** Міндеті:Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттармен құбылыстар,оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Артикуляциялық және дауыс аппаратын,сөйлеуде тыныс алуды,фонематикалық естуді,анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тәнө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. **Сөздік қор** Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің,	(Қарға) **Педагог беретін ақпарат:** Қыстап қалатын құстар қандай? Қарғалар, ұзақтар, көгершіндер мен торғайлар адамдардың тұрағының маңында өмір сүріп, тағам қалдықтарын жеп үйренген. Олар қыста ешқайда ұшып кетпейді. Қанатты достарымыз адамға қандай пайда әкеледі? Қыста құстарға кім көмектесуі керек? Сонда оларды қалай ажыратады? Болжамдарымен бөліседі: қауырсындарына, сыртқы түріне, үлкендігіне қарай ажыратады. «Сөз» ойынын ұсынады. Біз тамақты немен жейміз? (Ауызбен). Ал құстар ше? (Тұмсығымен). Адамның денесі терімен жабылған, құстардың ше? (Қауырсындармен). Бізде аяқ бар, құстарда ше? (Сирақ). Біздің қолымыз бар, құстарда ше? (Қанат) Сарышымшық пен қарлығаш туралы салыстыру әңгімесін құрастыруды ұсынады. Аудиожазбаны тыңдауға шақырады. Құстар сыртқы түрімен ғана емес, әртүрлі дыбыспен сайрауымен де ерекшеленеді. Аққу қиқулайды. Бозторғай шырылдайды. Бұлбұл		

	оның сипатына сәйкес ырғақты, мәнерлі қозғалыстар орындау. Музыкалық аспаптың дыбыстарына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын), тембріне қарап ажырату. Аспапта ойнау: «Саулем-ай» (қазақтың халық әні, өндеген Б. Дәлденбай) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай «Аспапты үнінен тап» Ойын шарты: Балалар шеңбер бойымен отырады.Музыка жетекшісі бір баланы шымылдықтың артына жыберіп,ойын шартынтүсіндіреді.Шымылдық артындағы бала өзінің қалағанаспабынойнайды. Шеңбер бойында отырған балалар ,аспапты үнінен танып атауы тиіс.	жануарлардың, құстардың,табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлемдермен жауап беруді үйрету Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, жаңбыр, суық, ыстық, жылы, жылы киінеміз, жеңіл киінеміз) **Ұйымдастырылған іс-әрекет**: Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады. Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді) Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді) Керегелер керіліп (алақандарын ашады) Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды) Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер. Тәрбиеші киіз үйдің құрал – жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт – дәстүрін байланыстыра отырып киіз үй туралы мол мағлұмат береді. - Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да	сайрайды. Бүркіт шаңқылдайды. Көгершін, үкі уілдейді. Көкек көкектейді. Қаз қаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Қарлығаш, сауысқан шықылықтайды. Тоқылдақ тоқылдайды. Тырна тыраулайды. Үйрек барқылдайды. Торғай шиқылдайды. **Сергіту сәті:** Қарлығашқа ұқсайық, Кәне, қанат жасайық (Екі қолын қанат етіп жаяды). Қарлығаш боп ұшайық, (Қолын сермемей, қалықтаған қимыл жасайды). Орнымызға қонайық (Орындарына отырады). Орманның біз емшісіміз, Тоқ, тоқ, тоқ (Партаны үш рет ұрады). Құрт біткенді жоқ етеміз, Жоқ, жоқ, жоқ, (Қолдарын артқа ұстап, бастарын екі жаққа кезек бұрады). Тоқ, тоқ, тоқ, Жоқ, жоқ, жоқ. **Тәжірибе жасау: «Құс қауырсынының құрылысы қандай?»** Қарапайым тәжірибе жасайды: қауырсынды қарастырып, оның өзегі бар екенін, өзектен жіңішке талшықтардың тарайтынын айтады. Қауырсынды суға салады, ол суланбайды деген қорытынды жасайды. Демек құстар қауырсынға бірдеңе жағады (мысалы, май). Қауырсынды бетіне тигізеді – жылы – демек, олар жылу үшін қажет.		

		пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық (жарма есігі). Кереге – киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық – кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік – сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарық теріден жасалады. - Үй жиһаздарына да толық мағлұмат беріп өту. Абажа – тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебеже – сүт ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнектеген үй жиһаздары. Әбдіре – зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтырмен әшекейленіп қапталады. Ағаш төсек – жату үшін пайдаланатын үй жиһаздары. Асадал –	Қауырсынның ұшын кеседі – ішінде бос қуыс, демек, қауырсын жеңіл. **«Жас эколог» экологиялық жоба** **«Жасырынбақ»:** Суреттің артына бір құс жасырынып қалған: сирақтары мен құйрығы ғана көрінеді. Құсты ата (сауысқан). **«Торғайға жем шаш» тапсырмасын орындайды.** Сары шымшық тұзы аз майды жақсы көреді. Торғай – шемішкені, түрлі дәндерді жақсы көреді. Суықторғай – жидек жегенді ұнатады. Торғай үшін шемішкенің суретін сал. **Жұмбақтар шешеді:** 1.Талдың басында, Жемі бар қасында. Там тұр саялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) 2.Тал басында түндіксіз отау (Ұя). Серуен кезінде құстың ұясын көрсетіп, бақылауды ұсынады. Құстар ұясын неден жасайды? Ұя салу үшін құсқа не қажет екенін анықтау. **Ойын: «Менің достарым»** **Шарты:** Балаларға кеспеқағаздарды таратып беріп, құстың сипаттамасын таңдайды, оны атайды. **(көркем әдебиет және Тіл дамыту)** Ойын: «Оң және сол» Шарты: Оң жақтан қандай құстарды көріп тұрсың, ал		

		тамақ пен ыдыс – аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш – ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Сандық – киім - кешек, б. б. зат салуға арналған үй жиһаздары. Төсеніштер: Алаша, киіз, сырмақ. Қоржын – екі жағын тең етіп тоқылған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап – ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін о - - өрнек салып не кестелеп әшекейлейді. Балалардың жауабы: Киіз үй құрлысын атап береді. - Кереге, шаңырақ ,,уық,, босаға, сықырлауық, табалдырық, маңдайша. Киіз үй жабдықтарын атап береді. - Іргелік, туырлық, үзік, түндік, ши, есік.**Тіл дамыту Дидақдикалық ойын:** «Киіз үйді әшекейлеу» **Шарты:**Ою өрнектермен киіз үйді әшекейлейміз **құрастыру**	сол жақтан? **(Математика негіздері)** Құстардың суретін салу жолдарын үйрету**. (Сурет салу)**		
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту «Мен Отанымменмақтанамын**!»** балалармен әңгімелесу **«Өнегелі 15 минут»**				
Серуен	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі,	**№ 7** **Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға	**№ 26** **Топырақты бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** **Тақпақ оқу** **«Күз келді»** Қыр мен сайда Орман, тоғайда Ағаштар мен гүлдер Байқайсың ба, Кеуіп солды ғой.	**№10** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Балалармен жеке жұмыс Тақпақ Көкөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік,

	көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Соқыр теке»** **(Қазақтың ұлттық ойыны)** **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды** **Ұлттық ойын:** «Дауысынан айыра біл**!»** Ойын шарты:Ойнаушылар алқа-қотан отырады. Ортаға көзі байланған бастаушы шығарылады. Ол ойыншылар білетін бір өлеңді бастап, бір шумағын айтады. Отырған балалардың біреуі екінші	жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**	ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақтар шешу** Ақ мақта, Жүзіп барады бір жаққа. (Бұлттар) Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып, Жабырқаса, жылайды, жадыраса, құлайды. (Бұлт) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Кең қадам»** **Мақсаты:** Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту** **Мақсаты:** Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Күн суыды, Гүл солды. Бізді тастап Сезесің бе, Құстар да кетті. **Коммуникативтік дағды** **Мақсаты:** Ауа райына байланысты топырақтың касиетін көруге үйрету. Топырақ жылы, күнге жылынған: қурап қалған; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жер де суыйды, оны күрекпен қазуға болмайды, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, үзіліп қалады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар»** **Мақсаты:** Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өтуді бекіту; әр түрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойынша (отырды, ізде жем және т.б.) орын ауыстыруға қадағалау, сигнал бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** **Ұжымдық тапсырмаларды орындау.**	Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. Коммуникативтік дағды Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!» Мақсаты: Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Физикалық қасиеттерін жетілдіру Еңбек: Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)

	шумақты айтып, өленді әрі қарай жалғастырады. Өлең аяқталғаннан кейін бастаушы кімнің өлең айтқанын дауысынан айыра білуі керек. Егер ол дәл тапса, онда екінші шумақты айтқан бала бастаушы болады. Өленді кім айтқанын бастаушыға сездірмей келісіп алу керек. **“Адал азамат”.**			**Мақсаты:** Еңбексүйгішті кке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру “Адал азамат”				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотрикаңы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Математика негіздері Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету Қауіпсіздік	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Қауіпсіздік	**В/К :** «Табиғатты аялайық» **Тақырыбы: «Су және оның қасиеттері»** **Міндеті:** Балаларға судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Балалардың ізденушілік-зерттеушілік әрекеттерін жетілдіру, дүниетанымын кеңейту. Қоршаған ортаға сүйіспеншілігін арттыру,	Жеңіл көліктердің бейнесін құрастыру, жапсыру, және ермексаздан жолдар жасау Құрастыру,жапсыру,мүсіндеу.	«ҮЙДЕГІ ҚАУІПТІ ЗАТТАР» Міндеттері: ▪ Балаларға үйдегі қандай заттар қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. ▪ Балаларға қауіпті заттармен қауіпсіз әрекет ету ережелерін үйрету. Материалдармен ресурстар: Әртүрлі заттарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (қауіпті және

			табиғи ортаның біртұтастығын түсіндіре отырып, экологиялық адамгершілік тәрбие беру. **Барысы:** Шаттық шеңбері: «Армысың ба, балалар». Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде слайд арқылы түсінік беру. Глобуспен таныстыру. Тәжірбие: «Сиқырлы су» Мақсаты: Судың қасиеті, тіршілік үшін маңызы, табиғаттағы таралуы жөнінде түсінік беру. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.		қауіпсіз). Ұйымдастырылған іс-әрекет: Үйдегі қауіпті заттарды білудің маңыздылығы жайлы қысқаша әңгімежүргізу. Қауіпті заттармен әрекет ету ережелеріҮйдегі қауіпті заттар: Тәрбиеші үйдегі кейбір заттардың қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Қауіпті заттар: пышақ, дәрі-дәрмектер, тазалау құралдары, розеткалар, ыстық заттар (үтік, пеш), жиһаздың бұрыштары. 1- ереже. Пышақтарды немесе басқа өткірзаттарды ұстамаңыз. Түсіндіру: «Пышақтар өте өткір және жарақаттауы мүмкін. Әрқашан ересектерден көмек сұраңыз». «Бола ма немесе болмайма?» ойыны Тәрбиеші әртүрлі әрекет берілген суреттерді көрсетеді (мысалы, «пышақты ұстау», «ойыншықтармен ойнау», «пешке жақын бару») және балалардан бұл әрекетті істеуге бола ма, жоқ болмай ма деп сұрайды. Балалар «болады» немесе «болмайды» депжауап беріп, себебін түсіндіреді. «Қауіпсіз затты тап» ойыны **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі**
Балалармен жеке жұмыс	**Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым,**	**Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза,**	**Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым,**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым,	**Раяна, Аяла, Нұрия, Нарул, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім,**

	Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс. Бетін қолын өз бетінше жуады. (**Физикалық қасиеттері**)	**Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс** Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтайды (**Танымдық және зияткерлік дағдылары**)	**Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс** Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айта алмайды **(коммуникативтік дағды)**	Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **жеке жұмыс** Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгіге қарап,зерттейді **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша жеке жұмыс** сыртқы белгілері бойынша көгөністер мен жемістерді ажыратады және атайды: **(Әлеумет)**
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (Тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Қимылды ойын: «Дөңгелекті лақтыру» Мақсаты: Балаларды белгіленген бағыты көздеуге үйрету. (дене тәрбиесі)	Қимылды ойын: «Сұр қоян жуынады» Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттері, тілдерін дамыту. (дене тәрбиесі)	Қимылды ойын: «Қойлар мен қойшы» Мақсаты:Балаларда бірлік, татулық, ептілік дағдылары қалыптастыру. (дене тәрбиесі)	Қимылды ойын: «Ұшатын құстар» Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарын салыстыруға, тәрбиешінің берген белгісін тиянақты тыңдауға үйрету. (дене тәрбиесі)	Қимылды ойын: «Мысықтар мен балалар» Мақсаты: Берілген белгіні дұрыс тыңдай білуге, ойын ойнағанда қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. (дене тәрбиесі)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі табиғат туралы баласымен әңгіме жүргізуді ұсыну	Табиғи материалдарды жинауға көмектесу.	Сурет салу, кітап қарауды ұсыну.	Құстарға үйшік жасауды ұсыну	Балалармен апта бойы жасаған жұмыстардан алған әсерлерін сұрау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

	- Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?- Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттап, серуендеп емес, қиялдап, көзімізді жұмып барамыз. Қәнекей бәріміз көзімізді жұмайық. *(Сиқырлы әуен ойналады)* - Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы. - Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін. - Тук-тук, кім бар екен? - Мен бармын. - Сіз кімсіз? - Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекші әжеймін. - Ооо, жақсы болды ғой. Біздің ертегі тыңдағымыз келеді. Сіз бізге "Үй құстарына" байланысты ертегі айтып бересіз ба? - Сендер мені мұқият отырып тыңдасаңдар ғана айтып беремін. - Жарайды, келістік. Біз ертегіні тыныш отырып тыңдауға сөз береміз. - Олай болса мен сендерге "Екі әтеш" ертегісін айтып берейін. **(Қоршаған әлеммен таныстыру, көркем әдебиет)** *("Екіәтеш" ертегісін айтып береді)*	үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, үйрету. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру. Нүктелерді ырғақты орналастыра отырып салу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян) – Қоян қандай жануарға жатады? (Қоян жабайы жануарға жатады). – Қоянның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? (Қоянның құлағы ұзын). Педагог қоянның құлағы ұзын және сыбдырды тез естігіш болып келетіндігін айтады». **(көркем әдебиет,тіл дамыту, Қоршаған әлеммен таныстыру)**	Мына сөреде ыдыстар орналасқан.Жоғарыда неше кесе , ал төменде неше тарелке бар? Балалар Барыспен қосыла отырып, қандай ыдыстың сынып қалуы мүмкін, қандайы сынбайды соған зерттеу жасайды. Ендеше балалар ыдыстарға арнап сөрелер жасайық. Барыс: –Мынау не? (кітап сөресіне барып онда тұрған кітаптарды қолына ұстап әрі-бері аударыстырады). Педагог кітап, оның материалы, жасалу жолдары мен пайдасы, кітап сөресі туралы түсіндіріп кетеді. **(Қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, құрастыру)** «Тәрелке» **(мүсіндеу)** **Музыка** Музыка ырғағына билеуде музыканың кіріспесін ажырата білуге және оларды сезіну қажеттілігі туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасау. Әртүрлі қимылдар жасап, ырғақты сезіне білуге дағдыландыру.Би қимылдарын есте сақтауға үйрету. **Ән тыңдау:** «Сұр қоян» (Т. Бердияров, К. Қуатбаев) **Ән айту:** «Сұр қоян» (К. Қуатбаев) **Әуенді- ырғақты қимыл:** «Аю, қоян, қасқыр, түлкі» **Ойын: » «Музыкалық лото»** **Шарты:** Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді. Бір бала металлафонда дыбыстарды соғады. Ал, балалар естіген дыбыстарды нота жолына орналастырады. Соғылған дыбыс жуан болса төменгі жолға, жіңішке болса жоғарғы сызықтарға қояды. **Күтілетін нәтиже:** Балалар би билегенде кіріспесін түсінеді.Музыканың сипатына сәйкес би қимылдарын ауыстырады. Және би қимылдарын есте сақтайды.	арасымен еңбектеу: аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Таспа жіпті кім көп жинайды?» Ойын тәртібін ескерту: үш адымнан кейін серпіліп секіру қажет. Егер бала таспа жіпке қолын жеткізсе оны алып тастайды. Епті балаларды атап өтеді **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға баулу. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге баулу. Қоршаған ортадағы заттар мен құстардың, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш,) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу. Геометриялық пішіндерден жапсыру	материалда берілген үлгі суретке қарап талдау жасай отырып, суретті салу реті түсіндіріледі. » **(сурет салу)** Балалар мен қазір сіздерге жұмбақ жасырамын жұмбақтың жауабын шешейікші. Көлеңкесінен қорқып безектейді Ал оның баласын көжек дейді. Балалар: Бұл қоян. Тәрбиеші: - Жарайсыздар балалар, бұл қоян. Балалар тақтаға назар аударайықшы. - Бұл қандай аң? - Қоян - Ол қайда мекендейді? - Орманда, үйде. - Қоянның баласын қалай атаймыз? - Көжек - Қоян қандай аң? - Қорқақ, құлағы ұзын, сүйкімді жануар. - Қоян немен қоректенеді? - Сәбізбен **(қазақ тілі,көркем әдебиет,тіл дамыту, Қоршаған әлеммен таныстыру)** Тосын сәт. Балалар, бізге қонақ

	- Балалар ертекші әжейдің ертегісі сендерге ұнады ма? - Сіздің ертегіңміз бізге қатты ұнады. Енді біз өз елімізге оралайық. Рақмет сізге, ертекшіәжей. Сауболыңыз! - Сауболыңдар балалар! (көркем әдебиет) - Балалар біз елімізге оралу үшін тағы да көзімізді жұмып қайтуымыз керек. *(Сиқырлы әуен ойналады)* - Балалар көзімізді ашсақ болады. Елімізге келдік. - Біз жаңа қай жаққа саяхаттап келдік? - Ол жақта кім бар екен?- Иә. Ертекші әжей бізге қандай ертегі оқып берді?- Ертегінің ішінде қандай кейіпкерлер бар екен? - Иә, дұрыс айтасыңдар. Әтеш, балапандар үй құстарына жатады.. - Балалар, қәнекей бәріміз интерактивтік тақтаға назар аударайықшы. - Тауық, үйрек, қаз, әтеш - бұлардың бәріүй құстары деп аталады. - Мынау тауық. Шұбар түсті тауық екен. Міне мынау жұмыртқасы. - Ал мынау-үйрек. Үйректің түсі жасыл екен. Бұл құстар суда жүзгендіұнатады.	Суреттердегі айырмашылықтарға қарай келе әңгіме құрайық. Әңгіме құрмас бұрын біз ең алдымен несін құрып аламыз? (Әңгіменің тақырыбын құрып аламыз). – Ендеше, біз оның тақырыбын «Ұзын құлақ ақ қоян» деп аламыз. Тақырыбы: «Ұзын құлақ ақ қоян» – Қысгүні бір ақ Қоян орман ішінде жортып жүріпті. Қыста Қоянның тоны ақ түске ауысады екен. Одан кейін күн жылына бастағаннан кейін оның түсі сұры түске айналады. Қыста ақ түске, ал жазда сұр түске айналуының себебі адамдарға, жабайы жануарларға көрінбей, тығылуына ыңғайлы. Қоян өте қорқақ, тіпті оның құлағы саққұлақ деуге де болады. Себебі құлағы сыбдырды тез естиді екен. Қояндар жауынан орғып-орғып қашады. Педагог балаларға орындарынан тұрып қояндарша секіріп-секіріп алуды ұсынады. Балалар орындайды. – Осылайша орғып келе жатқанда алдынан Қасқыр кезігіпті. Қасқыр ырылдап, Қоянды жегісі келді, бірақ Қоян Қасқырға былай депті: – Мені жемеші, мен саған тақпақ айтып беремін. Сонда Қасқыр: А, солай ма? Жарайды, айта ғой, – деп Қоянды тыңдапты. – Осылайша Қоян секіріп-секіріп, Қасқырдан құтылып кетіпті. – Балалар, жалпы қоян қайда тіршілік етеді? (Қоян орманда, тоғайда тіршілік етеді). («Я» дыбысына жаттығу Қоя-қоя-қоя – қоян Соя-соя –		дағдыларын қалыптастыру. Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Үй құстары (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Педагог өлең оқып, оқу қызметіне жағымды көңіл күй қалыптастырады. Тауық пен тары Тауық тары жинапты, Оны ешкімге қимапты. Бөтекесін толтырып, Қамбасына құймапты. Қыста тауық қақылдап, Тары іздеп жүр тақылдап. Ә. Табылды Неліктен бұл құстарды үй құстары деп атайды? Үй құстарын атайды: тауық, әтеш, қаз, үйрек, күркетауық. Адам бұл құстарды не үшін өсіреді? Үй құстары адамның қасында тұрады, олар адамға пайда әкеледі, адам оларға күтім жасайды. Неліктен бұл құстар қалада мекендемейді? Адам оларға қалай күтім жасайды? Тауық	келген сияқты, есікті біреу соғып тұрған секілді. Секіріп қоян кіріп келеді: - Сәлеметсіздер ме, балалар! Балалар:- Сәлеметсіз бе, қоян! Қоян: - Мен сіздермен танысайын деп қонаққа келе жатырмын. Тәрбиеші: - Сәлеметсіз бе қоян! Қош келдіңіз, біз сіз туралы айтып жатырған едік. Қоян: - Солай ма? Онда мен жақсы келген екенмін. Қоянның себетінде неше сәбіз бар екен?.Бірге санайықшы.1,2,3,4,5 енді кері санайық 5,4,3,2,1. Ойынның аты:"Қай аңның сүйікті асы" деп аталады. Ойынның барысы: Бірнеше баланы ойынға шығарып, мына жануарлар қандай тағаммен қоректенетінін балалар табу керек. Ойынды қызықты етіп ойнау.Қаршақызбен досы Аққаланы мүсіндейік.

	- Мынау-қаз. Қаздың мойны, тұмсығы ұзындау болады. Ал мынау қанаттары. - Мынау - әтеш. Мына әтештің түсіқара екен. Әтеш тауыққа қарағанда үлкендеу болады. - Балалар, үй құстары жеммен қоректенеді. Олар көктемде балапан басады.Үй құстарының пайдасы көп: жұмыртқасын, етін адамдар тағам ретінде пайдаланады, жүнінен жастық, көрпе жасайды. Сол себептен адамдар үй құстарына қамқорлық көрсетіп, асырайды. Қора жасайды, ұя салады, жем береді, ыдысқа су құйып береді, ұя маңын тазалайды, балапандарына да қорек беріп, көмек көрсетеді.ЕЕндеше, балалар балапанды жабыстырайық.Қандай геометриялық пішіндерді пайдаланамыз?. Ия дөңгелек,тұмсығы ше?. Дұрыс ұшбұрыш. Балапанға жем суретін салайық. **(жапсыру, математика негіздері, сурет салу,қазақ тілі)** **Музыка** Музыка ырғағына билеуде музыканың кіріспесін ажырата білуге және оларды сезіну қажеттілігі	соя Ұя-ұя-ұя – ұя Ұя-ұя-ұя – ұят Құя-құя-құя – құяды – Балалар, «я» дыбысы «иа» болып естіледі. бірақ біз ол дыбысты анық айтуымыз қажет. «Я» дыбысының дауыссыз дыбыс екенін айтып өту. Балалар жаттығудағы дыбысты анық айтып қайталайды.Балалар қоян нені жақсы көреді?. Әрин сәбізді.Мына сәбіздерді салыстырайық.Мынау-үлкен,ал мынау қысқа сәбіз. «Нүктелердің бір-бірімен қосу арқылы, бірнеше қоян бейнесін тап» тапсырмасын орындау. **(математика негіздері,қазақ тілі,тіл дамыту, сурет салу)** Қоянды мүсіндеу. **(мүсіндеу)**		баласы: шөже, қаз баласы: ақүрпек не мамыр, үйрек баласы: шүрегей. Үй құстарының балапандарын қалай атайтынын сұрайды. Балалар мына суретте тауықтың неше балапаны бар?. Қаздың ше? Аяқтағы жарғақшалардың құстарға суда есіп жүзуге көмектесетінін айтады. Ойланып, қаз бен үйректің ұқсастығын айтуды ұсынады. Бұл құстарды бір сөзбен – суда жүзетін құстар деп атауға болатынын түсіндіреді. Педагог қаздың сирағының суретін көрсетеді. (– Міне, суда жүзетін құстардың аяғы осындай болады. Үлкен шараға су құйып, оған қолдарының алақан бөлігін батырады, саусақтарының арасын ашық ұстап, су ішінде ары-бері қозғап көреді. Содан соң саусақтарының арасын қосып, қайталайды. **(Қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту, көркем әдебиет,математика негіздері)** Шөжелерім (музыкалық үзіліс)	**(математика негіздері,мүсіндеу, тіл дамыту)**

	туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасау. Әртүрлі қимылдар жасап, ырғақты сезіне білуге дағдыландыру.Би қимылдарын есте сақтауға үйрету. **Ән тыңдау:** «Сұр қоян» (Т. Бердияров, К. Қуатбаев) **Ән айту:** «Сұр қоян» (К. Қуатбаев) **Әуенді- ырғақты қимыл:** «Аю, қоян, қасқыр, түлкі» **Ойын: «Бізге келген қонақтар» Шарты:** Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы, қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады. **Күтілетін нәтиже:** - Балалар би билегенде кіріспесін түсінеді.Музыканың сипатына сәйкес би қтмылдарын ауыстырады.Және би қимылдарын есте сақтайды.			(Балалар ән айтып, педагогтің қимылдарын қайталайды). Сөзі: Н. Мұтталибов Әні: Г. Гусейнли Аударма жасаған: М. Әлімбаев 1.Көк шалғында жайылым бар, Тез, келіңдер, жайылыңдар. Әй, менің шөжелерім, Әй, менің шөжелерім, Балғын бөбек, шөжелерім, шеп, шеп, шеп. Қайырмасы: Шеп, шеп, шөжелерім, Шеп, шеп, шеп, шеп, шөжелерім! Мамық жүнді шөжелерім, Нәзік үнді шөжелерім. 2.Не жейсіңдер, мен берейін. Су берейін, жем берейін. Әй, менің шөжелерім, Әй, менің шөжелерім, Балғын бөбек, шөжелерім, шеп, шеп, шеп. Қайырмасы. 3.Ақ тауықтай боларсыңдар, Ақ мамыққа толарсыңдар. Әй, менің шөжелерім, Әй, менің шөжелерім, Балғын бөбек шөжелерім, шеп, шеп, шеп. Қайырмасы. Балалар сергіп алдық, енді құстарға сарай құрастырайық. Үйректің балапаның жабыстырайық. **(музыка,құрастыру, Жапсыру, көркем әдебиет)**	

	Дене тәрбиесі (таза ауада) **Т**ақырыбы: Кішкентай шаңғышылар. Міндеттері**:**төбешікке қосалқы қадаммен, бір қырымен көтерілуге үйрету. Шаңғы жолымен бірінің артынан бірі сырғымалы қадаммен жүру білігін бекіту. Шаңғы жолымен бір-бірінің артынан сырғанай адымдап қозғалу біліктерін бекіту. Динамикалық тепетеңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдану, салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** Педагог шаңғыға назарларын аударады. Гигиеналық талаптарға көңіл бөледі. (Шаңғымен жүргенде мұрынмен тыныс алу, одан кейін суық су ішпеу). Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1минут. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру, шеңберге қайта тұру. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау: • Бір орында шаңғының табанын қарға басып тұрып, шаңғының ұшын жоғары және төмен қозғалту.				

	• Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып, шаңғыны оңға, солға қозғау Төбешікке қосалқы қадаммен, бір қырымен көтерілу (жатық еңістің ылдиының ұзындығы – 3 метр). Шағын топтар бойынша шаңғымен түсу (3 рет). Тәрбиеленушілерді еңістен түсуге үйрету кезінде педагог дұрыс бастапқы қалыпты көрсетеді және өзі түседі. Балалардың белгілі бір интервалдан кейін кезек-кезек түскені дұрыс. Нұсқау: түскен кезде аяқты тізеден сәл бүгу керек («аяқ серіппелі сияқты»). Шағын топтар бойынша шаңғымен жүру. Шаңғы жолымен жылжу – 20 метр. Педагог адымдардың ырғақтылығына, шаңғымен жүрген кездегі қол мен аяқтың айқаспалы жұмысына назар аударады (сол қол-оң аяқ, оң қол-сол аяқ). Шаңғыны айнала жүру және жүгіру				
2-ші таңғы ас Серуенге дайындық					
Серуен	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылау** **Мақсаты:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың	**№ 26** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Мақсаты:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады;	**№ 9** **Терезедегі қырауды бақылау** **Мақсаты:** Шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен біріктіріледі, мұзды	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Мақсаты:** Жылы күндері жауған қар	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау**

	ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз»** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету.** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Өз бетімен ойындар:** Ойын барысында балалар ойын ережесін сақтауға,орындауға тәрбиелеу (жүргізу	адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін қардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Таяқпен сыпыру»** (қалмақ ұлттық ойыны) Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту (сырғанақ тебетін жерге, сырғанақ тебетін жерден соңына дейін) Топтағы жолдастарының жетістіктері мен істей алмаған істерін қобалжымай, қолдай білуге тәрбиелеу. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Түрлі түсті мұз айдынын жасау** Судың қасиетін бекіту: ыдысқа су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру);бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау- столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.) **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Өз бетімен ойындар:** Таңдалған тақырыпқа сай ойын	кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. (танымдық іс-әрекет) **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын:** **«Қасқұлақ»** (Волк) (қазақтың халық ойыны) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өз және әріптес әрекетімен келістіре білуін дамыту. (физ.даму) **Коммуникативтік дағды Еңбек: Мұз жолын жасау.** Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Өз бетімен ойындар:** Ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	жабысқақ болады , қар жабысқақ , аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру , ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайды. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Бәйге»** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек:** Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Өз бетімен ойындар:** Тыныш қуанышты жағдайды қолдауға және ұйымдастыруға талаптандыру; дербестілігін және	**Мақсаты:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Кішкентай ағаштар үшкір дөңгелек тебетейге оранды, кейбір ағаштың бұтақтары бұғының мүйізі сияқты, кейбіреуі тоқыма жіп сияқты, мақталы шар сияқты. Балаларды ағашты күтуге үйрету. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұрады, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. Ағаштар жапырақтарын неге түсіретінін түсіндіру. Балаларды табиғатты сүюге үйрету. Олардың өз сөзінен алған әсерлерін айтуға үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Аю апанында»** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалысқа үйрету. **Коммуникативтік дағды**

	мәдениеті, достық, ұжымдық түсінушілік болуын қадағалау). **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	барысында ойыншықтарды айырбастап, ойын көмегімен құрастырып, түрлілігін анықтай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту.** Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру Өз бетімен ойындар:** Өз бетінше ойнау дағдыларын дамыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу Түскі ас					
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі **(көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Құлыншағым» музыка **(музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау «Түлкі мен тырна» ертегі **(көркем әдебиет,тіл дамыту)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Үйшік» ертегі **(көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары Бесін ас					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жұмбақтар шешу. Құстар туралы. Әтешке шарбақ құрастыру. (**Көркем әдебиет,құрастыру)** Көңілді күн сергіту сәтін қосу **(музыка)**	«Көгалдағы балапандар» **(тіл дамыту, жапсыру)**	**Вариативтік компонент «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Қыстайтын құстар» Мақсаты: Құстар тіршілігі туралы ұғымдарын нақтылау. Балалардың құстарға ұқыпты және қамқорды жүйелі түрде көректендіріп отырудың керектігін түсінуге жетелеу. Құстарға қамқорлық қасиетін тәрбиелеу. Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Қыстың неше айы бар?	«Үй құстары мен дала құстары» әңгімелесу**.** Еркін тақырыпта сурет салу**. (Қоршаған әлеммен таныстыру, сурет салу)**	«Ақ қоян» Балалармен қоян туралы тақпақтар жаттау және оригами тәсілі бойынша қоян жасау.Қоянға сәбіз жабысыру.**(көркем әдебиет, құратыру, жапсыру)**

			Қыс айларын атаңдар -Қыс мезгілі келгенде қандай өзгерістер болады. **Жұмбақтар:** Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. (Қарға) Ала шапан кигені, Сескенгіш болған соң, Шықылықтап жүргені. (Сауысқан) Балалар кейбір ағаштар мен бұталарда қураған жапырақтар сақталып қалады құстар соны азық етеді. Қыста оларға қар астынан дән тауып жеу өте қиын, сондықтан олар үйдің маңайына ұшып келеді. Ойын: «Құстарды топтастыр» Күнің қасына жыл құстарын, жемшашар жанына құстап қалатын құстарды орналастыр. Жемшашар-торғай, қарға, сауысқан, көгершін Қимылды ойын Ұшты ұшты		
Балалармен жеке жұмыс	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарұл, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **жеке жұмыс** Еңбек етуге қызығушылық танытуды қалыптастыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарұл, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **жеке жұмыс** Құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атауды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана білуді үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарұл, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **жеке жұмыс** Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт- дәстүрлер туралы айта білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарұл, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **жеке жұмыс** Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдануды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Раяна, Аяла, Нұрия, Нарұл, Сара, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар, Рамина, Айша **жеке жұмыс** Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық					
Серуен	№ 17	№ 26	№ 9	№ 12	№ 14

Балалардың үйге қайтуы	Баласының жасап жатқан ойыншығына көмектесуін сұрау.	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың сүйікті ойыншығы туралы әңгімелесу.	Ата анасының қандай ойыншықпен ойнағынын баласына айтып беруін сұрау.	Ата анасымен ұлттық ойындарды ойнауын ұйымдастыру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Заң және тәртіп**

Аптаның дәйек сөзі: «Тәртіп – тәрбие негізі»

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Тобы: «Ботақан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 26.01 - 30.01.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы **Күй күмбірі** Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру **Бір тұтас тәрбие Адал Азамат**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау, әңгімеге тарту. **(қазақ тілі)** **Күй күмбірі**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерістер байқаны туралы жеке - жеке сұрау. **(тіл дамыту** **Күй күмбірі**	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** **Күй күмбірі**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка,дене белсенділігі)** **Күй күмбірі**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу	Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру	Қыс мезгіліне арналған киіну үлгісі туралы кеңестер беру.	Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Қыс келді,алақай!» Міндеті: Қимылдар жасау арқылы балаларға көтеріңкі көңіл - күй сыйлау. **(Дене тәрбиесі ,музыка)**	«Бұл қашан болады?» Міндеті: Суретті күннің бір бөлігімен салыстыруға жаттықтыру.Балалардың тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту.Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) туралы ұғымдарын кеңейту.	Д/о: «Жоғалған сан» Шарты:1ден 5 ке дейін сандар тұрады.Тәрбиеші бір санды алып тастайды.Балалар жоғалған санды атау. **Математика негіздері**	«Гүлдерді күтеміз» балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. **Экологиялық тәрбие**	«Шаштараз» Міндеті: Балалар **о**йын арқылы шаш қиюшының **,**ересектердің еңбегін түсінеді.
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені № 10 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын үстелге қою). **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жұмбақ шешу. Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. 1.Қарда бар Мұзда жоқ, Жарда бар Тұзда жоқ. (Р) 2.Алыста бар, Жақында жоқ. Алтында бар, Күмісте жоқ (Л) **(тіл дамыту)**	Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту.	«Саусақтар жүреді» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап,алға артқа жүреді. **(Математика негіздері)**	Тіл ұстарту жаттығуын жаттау. Міндеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ша – ша – ша Жап – жасыл шырша. Ар – ар – ар Қандай аппақ қар. Ыс – ыс – ыс Келіп қалды қыс. **(қазақ тілі)**	Жаңылтпашты бірге қайталау. Міндеті: Логикалық екпінді қолдануды үйрету. Жапалақтап,қаптап ақ қар жауды. Алқапты аппақ ақ қар жапты. **(Тіл дамыту)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **(таза ауада)** **«Шаңғымен жүру»** **Міндеттері:** шаңғымен жүру кезінде динамикалық тепе-теңдікті сақтауға үйрету, ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.. Ептілікті, төзімділікті, өз күшіне сенімділікті дамыту. Ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1 минут. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру, шеңберге қайта тұру. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау: «Қолымыз қайда?», «Серіппе», «Қолымызбен шапалақ соғамыз, аяғымызбен тарсылдатамыз». Шағын топтар болып шаңғымен жүру. Балалардың шаңғы жолымен қозғалуы – 20 метр: аттай отырып 10 метр жүреді («ат	**Дене тәрбиесі :** **«Сиқырлы асық»** **Міндеттері:** төбеге қап қойып жүрген кезде арқа мен басты дұрыс ұстауға, дененің дұрыс қалпын бақылауға үйрету. Бөренемен еңбектеген кезде тепе-теңдікті сақтау қабілетін нығайту. Допты басынан асырмай, алға және жоғары лақтыру және оны екі қолмен қағып алу қабілетін жетілдіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Тоқта»: сапта бір-бірден жүрген және	**Музыка** Балаларды металлофон және барабан аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып уйренуге қалыптастыру. **Ән тыңдау:** : «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев **Ән айту**: «Зырлайды шанамыз» Д.Мацуцин **Әуенді ырғақты қимыл**: «Буги-вуги» биі **Ойын: : «Бізге келген қонақтар»** **Шарты:** Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы,	**Дене тәрбиесі** **«1-2-3 ойыншықтарға жан бітті»** **Міндеттері:** музыкаға сай әртүрлі ырғақпен түрлі қимыл-қозғалыстар жасауға үйретуді әрі қарай жалғастырамыз: өз төңірегінде айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Тұрақты тепе - теңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту (сколиоздың алдын алу). Алға қарай қос аяқтап секіру жаттығуларын	**«Қыс қызығы»** **Міндеттері:** Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданады, қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атайды. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Жұмбақ шешу:** Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (аяз) Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (қар) Қазір жылдың қай мезгілі?

	сияқты»), кеңінен сырғанай отырып 10 метр жүреді («аңшы байқап қалмас үшін түлкі сияқты). «Қараңдаршы, мен шаңғыны ұзақ уақыт қардан алмай тұрмын, мен жүріп бара жатқан жоқпын, сырғып барамын. Дұрыс сырғу үшін тізені аздап былай бүгу керек (көрсетеді)». Сосын балаларға осы қимылды баяу қайталауды ұсынады. «бір аяқпен ұзақ сырғимыз, содан кейін басқасымен сырғимыз». **Музыка** Балаларды металлофон және барабан аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып уйренуге қалыптастыру. **Ән тындау:** : «Қыс қызығы» И.Нүсіпбаев **Ән айту**: «Зырлайды шанамыз» Д.Мацуцин **Әуенді ырғақты қимыл**: «Буги-вуги» биі **Ойын: : «Бізге келген қонақтар»** **Шарты:** Алдын ала бір бала шымылдықтың артына барып,аңның немесе құстың бет пердесін киеді. Ал 3-4 бала аспаптарды алдына қойып, келген қонақтың мінезіне сай, аспапты соғады. Аю келсе- барабан аспабы, қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады. **Күтілетін нәтиже:** - Балалар барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғуды	жүгірген кезде тапсырмаларды орындау. Шеңбер құрып тұру. Құм толтырылған қапшықпен жалпы дамыту жаттығуларын орындау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау: 1.Ойын түріндегі жаттығу: «Түсіріп алмай өткіз». Шарты: Қолымен белін таянып, құм толтырылған қапшықты төбесіне қойып гимнастикалық орындық үстімен жүру. 2.Ойын түріндегі жаттығу: «Лақтыр-қағып ал». Шарты: Допты алдына шығарып ұстап, алға-жоғары лақтыру,саусақтарының арасын ашып ұстау. Ойын түріндегі жаттығу: «Көңілді қонжықтар». Шарты:Төрт аяқтап бөрене бойымен жүру,бөренеден дұрыс түсу. Қимыл-қозғалыс ойыны: Д/О «Асық кімде?». Шарты: Арқаны тік ұстап, асықты тез беру.	қоян келсе- металафон аспабы, торғай келсе- сылдырмақ, бубен аспаптары соғылады. **Күтілетін нәтиже:** - Балалар барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғуды біледі. Әунмен қосылып,аспапты соғуды меңгереді. **«Қысқы орманға саяхат»** **Міндеттері**: Жабайы аңдар,олардың сыртқы түрі,қозғалуы,тіршілік ету ортасы,азығы,қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ шешу. Шана мен зырғып желдетіп, Шаңғы, коньки тебемін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың?(Қыс) Аңдардың,үй жануарларының қысқы мекені туралы әңгімелесеміз. -Ал балалар сендер қыста тонасындарма? -Олай болса жануарларда қыста тонады екен.	жалғастыру. Дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыруды жалғастырамыз. Ойыншықтарды күтіп ұстауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ырғақты-музыкалық қимылдар: сапта бір-бірден музыканың ырғағымен жүру, тапсырмаларды орындау – айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Ырғақты гимнастиканы орындау (балалардың өз қалауынша тұруына көмектеседі). Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Төбесіне қапшық қойып, белін таянып, тізені жоғары көтеріп гимнастикалық орындық үстімен жүру. Ойын түріндегі жаттығу: «Түсіріп алмай өткіз». Орындықтан асықпай, аяқтың ұшымен түсу. Алға қарай жылжып, 3 метр қашықтыққа секіру. Бір уақытта қос аяқпен серпіліп секіру, қолын сермеп көмектесу.	- Қыс мезгіліне қай айлар жатады екен? - Қыс мезгілінде табиғатта қандай құбылыстар болады? - Қыс мезгілінде балалар қандай ойындар ойнайды? - Қардың түсі қандай? - Балалар қарды қолымызға ұстап көрдік па? - Қатты ма, жұмсақ па? - Аққала қандай пішіндерден тұрады? - Қане аққаланың бөлшектерін санайықшы? **Тіл ұстарту жаттығуы** Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. **Әңгімелесу. «Қыс келді»** -Үйдің шатырынан, ағаштың басынан, жерден не көріп тұрсыңдар? -Қар қандай? -Сендер қалай киініп жүрсіңдер? **Ойын: «Ақшақар » Б**алаларды шеңберге жинап, алдын ала дайындаған (мақтадан) ақшақарды қолына береді. Олар «әртүрлі» ақшақарды бір-біріне беріп, ойнап көреді. -Өте жеңіл ақшақар -Суық ақшақар -Ауыр ақшақар **(қоршаған әлеммен таныстыру, құрастыру, математика негіздері)** Аққаланың пішіндерін тауып желімдеу **(жапсыру)** Жаңылтпаш қайталату. Жапалақтап, қаптап ақ қар жауды. Алқапты аппақ ақ қар жапты. Тақпақты қайталап айту. Айналамда ұшып жүр, Ақ мамық қар себелеп. Қалт-құлт еткен бейне бір,

	біледі. Әунмен қосылып,аспапты соғуды меңгереді. «Пішіндер **Міндеті:**Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету.Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр – түсін анықтай білуге дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Амандасу: -Үлкенге де сіз. Кішіге де сіз. Сәлем бердік сіздерге Құрметпенен біз. - Балалар, жылу шеңберіне тұрайық. **Жылулық шеңбері:** (*Балалар қимылмен көрсетеді)* - Алақанды ашайық, Күннің нұрын шашайық. Жүрекке жылу жинап ап Күн нұрын шашайық. - Балалар, «Пішіндер» әлеміне барғыларың келе ме? **Балалар:** - Иә. **Тәрбиеші:** - Ал қандай көліктермен барғыларың келеді? **Балалар:** - Деді. - Жарайды. Ендеше, поезбен барайық. Ал кеттік. **Қимылды ойын:** **"Пойыз"** *Тіл ұстарту жаттығу.* Мм - мм, мм - мм басқаруда, Қалып қойма біріңде.	Ойын түріндегі жаттығу. Топ-топ – топылдатып аяқты, Мен айтамын: «Топ-топ». Шап-шап – шапалақты Алақанмен ұрамыз. **Ұлттық ойын: «Күш сынаспақ»** **Ойын шарты:**Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп, қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса, сол бала жеңіске жетеді. Ағаш аттың үстінде аттың басын ұстап тұрып 2-ші қашан білектен тартысып сынасуға да болады. Бірақ баланың қауіпсіздігі қатаң бақыланады. **Біртұтас тәрбие** **Адал азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту** **Қазақ тілі** «Үй жануарлары және жабайы жануарлар» **Міндеттері**: - Балаларға үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы түсінік беру.	Қасқыр,қоян,түлкі қысқа азық қорын дайындамайды.Олар қысқы ұйқыға кетпейді,себебі өздеріне қорек таба алады. Қасқыр-ірі жыртқыш.Ол бұғы,қоян және басқа аңдарды аулайды. Түлкі қар астынан тышқан ұстап жейді.Кейде ол тауық қораға да түсіп,зиянкелтіреді. Қоян,бұғы, еліктер қыста ағаш бұтағы,бұтаны және қар астында құрап қалған шөптерді қорекетеді. **Қоршаған әлеммен таныстыру** Жұмбақшешу. Ырғып қозғалатын қорқақ,құйрығы біртұтам,құлағы сала құлаш,киімі екі түрлі. Бұл қандай аң? (Қоян) Халық қу деп, Қылығы күлкі, Айласы көп Бұл қандай аң? (Түлкі) Ал мына сурет туралы не айтуға болады? Түлкі - өтеиісшіл,саққұлақ,қырағы көзаң. Қасқыр,түлкі сөздерін қайталау. Қосымша түсініктер: Түлкі -өте иісшіл,сақ құлақ,қырағы аң. Ұйқыға кететін жануарлар:аю, бақа, борсық, тышқан, кірпі. **(қазақ тілі)** -Жануарлардың ұйқыда болу мерзімі бірдей емес	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Шарлар мен бағандар». Шарты: шарды бағанға тигізу қажет, шарды асықпай, ақырын домалату. Ойын жаттығу: «Бұзылған қуыршақ». Шарты: Балалардың тыныс алуы мен демін сыртқа шығару. Ғажайып сәт: Қонаққа екі қуыршақты алып келу. – Балалар, ең алдымен бізге қонақ келсе не істейміз? (Амандасамыз). – Балалар, амандасудың да көптеген түрлері бар? (Сәлеметсіз бе?, аман-есенсіз бе?, сәлем, ассалаумағалейкүм т.б.) – Ендеше, біз екі қонағымызды төрге шығарайық. – Балалар, екі қыз апалы-сіңілі екен. Яғни екеуі де бір үйдің қызы екен. Енді осы екі қызға қарап отырып, шағын әңгіме құрайық. Әңгіме: «Айгөлек пен Айгүл» Бір	Ақ қанатты көбелек Ойын:«Айырмашылығын тап!» Ойын шарты: екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап аққалалардың айырмашылығын табу керек. **(тіл дамыту,қазақ тілі)** Қыс өлеңін жаттау. Қандай суық қыс деген, Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген, Қандай қызық қыс деген, Бәріншеберістеген. Бақша-бауды, тауды да Бояғанақтүспенен. Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу: - Өлең не туралы? - Қыс қандай? - Құс не істейді? Ойын: «Қар жинау» Ойынның шарты: Себеттегі қарды ортаға шашады, ал балалар жинайды. Кім көп жинайды, сол жеңімпаз аталады. **(көркем әдебиет)** **«ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢТЕЛЕФОННӨМІРІ»** **Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларды тосын жағдайда қажетті жедел қызметтердің телефон нөмірлерін есте сақтауға және дұрыс қолдануға үйрету. Негізгіміндеттер: ▪ Балаларды «Жедел қызметтер» ұғымымен және олардың негізгі телефон нөмірлерімен таныстыру.

	Пыш - пыш, пыш - пыш біз кеттік, Жүрісті біз үдеттік. - Қане, балалар, тоқтайық. Пыш - ш - ш. - Балалар, біз міне «Пішіндер» әлеміне де келіп қалдық. Қане, поездан түсейік. **Математика негіздері** - Ой, балалар, пішіндер әлеміне есік жабық тұр екен. Оған кіру үшін сендер бір пішіннен алып есіктен өту керексіңдер. Қане, балалар! *(Балалар орындарына отырады)* Балалар, біз енді пішіндермен танысайық! Мынау қандай пішін екен? *Балалардың жауабы* - Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық. *(санайды)* Төртбұрыштың түсі қандай? - Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен? - Дөңгелектің бұрышы бар ма? - Түсі қандай? - Балалар, осы пішіндерді айналамызбен салысты райық. **Д/о. «Айналадағы заттардың пішіні"** Шарты: Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын тауып айту. Сергіту сәтін жасайық. - Ал, балалар, тұрайық, Алақанды ұрайық. Қолды жоғары көтеріп, Бой сергітіп алайық. - Балалар, сендерге мынандай тапсырма. Біз қазір ойын ойнаймыз.	- Жануарлар әлеміне деген қызығушылықты арттыру. - Жануарларды қорғау және оларды дұрыс бағу мәдениетін қалыптастыру, жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге баулу. Қажетті құралдар: - Жануарлардың суреттері (үй жануарлары мен жабайы жануарлар). - Түрлі-түсті қағаз, қарындаштар. - Жануарлардың дыбыстарын ойнайтын бейне мазмұн (бар болса). - Картон, қағаз, жапсырмалар, желім. Іс-әрекет түрлері: 1. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті (сұрақ-жауап, әңгімелесу) 2. Ойындар мен жаттығулар 3. Шығармашылық жұмыс (қолдан жасалатын жұмыстар) **Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** "Үй жануарлары мен жабайы жануарлар" Тәрбиеші:	кейбіреуі қыста мезгіл-мезгіл сыртқа шығып қайта келіп жатып жүреді. - Ал енді балалар бізге балабақшамызға қайту керек. Енді шанамызға отырып көзімізді жұмамыз да жолға аттанамыз. Топқа оралу: (Үй жануарларының суретін көрсету,түсіндіру). Қыста үй жануарлары ауыл маңында жайылады. Адамдар оларды бағып,күтеді. Үй жануарларына арнайы жылы қора-жай дайындайды. Онда жем-шөп салатын ақыр және су құятын науа қояды. Ауа райы ашық,жылы күні малды далаға, таза ауаға шығарады. Жылқы мен қой қарды теуіп, астындағы шөпті ашып жейді. Көктемге қарай үй жануарлары төлдейді. Сиыр бұзаулайды,бие құлындайды, түйе боталайды,ешкі лақтайды,қой қоздайды. Олар енесінің сүтін еміп өседі. Сұрақтар қою: Қандай үй жануарларын білесіңдер? Түйе үй жануары ма, әлде дала жануарыма? Ал үй жануарларының қандай пайдасы бар? Қыста үй жануарлары немен қоректенеді? Сиырдың адамға пайдасы? Жылқының адамға пайдасы?	үйде Айгүл деген қыз болыпты. Айгүлдің ақ түсті көйлегі, қызыл қамзолы, басында әдемі құндыздай бөрігі болыпты. Педагог: Иә, яғни Айгүл қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты. Қараңдаршы қандай әдемі? Сендерде қазақтың ұлттық киімін кигенді ұнатасыңдар ма? – Әрине. – Біздің ұлтымыз қалай аталушы еді? (Ұлтымыз қазақ, қазақ жерінде тұрамыз). – Ал біз қандай Республикада тұрамыз? (Қазақстан Республикасында тұрамыз). – Біздің жеріміз қандай? (Біздің жеріміз үлкен, кең-байтақ). – Біз туған жерімізді, Отанымызды жақсы көреміз бе? – Біздің жерімізде басқа ұлт өкілдері тұрады. – Біз барлық ұлт өкілдерімен бірге тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз.	▪ Қандай жағдайда жедел қызметтеріне хабарласу керек екенін түсіндіру. ▪ Балаларға жедел қызмет операторына ақпаратты дұрыс әрі нақты хабарлауды үйрету. Материалдар мен ресурстар: Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбынан мысалдарды көрсетуге арналған суреттер мен бейнелер. Шұғыл қызметтердің телефон нөмірлері туралы жадынамалары бар үлестірме материалдар. Рольдік ойындарға арналған телефондар, телефон аппараттары немесе ойыншық телефондар. Ұйымдастырылғаніс-әрекет: Өрт сөндірушілер, полиция қызметкерлері және дәрігерлер мен олардың адамдарға қалай көмектесетіні туралы әңгімелесу. Қайда және қалай телефон соғу керек: бейнеролик қарау. Нұсқаулық: - Қажетті телефон нөмірін теріңіз. - Нақты әрі сабырлы сөйлесіңіз. - Аты-жөніңізді, қай жерде тұрғаныңызды және не болғанын айтыңыз. Сюжетті-рольдік ойын: - Балаларды жұпқа бөлу. Бір бала қоңырау шалушының ролін, екінші бала төтенше жағдай қызметкерінің ролін сомдайды. - Әртүрлі жағдаяттар берілген карточкаларды таратыңыз (өрт, адам құлап қалды, біреу көшеде айқайлап жүр және т.б.).

	Дидактикалық ойын: «Жануарларды әшекейлеу». Ойын шарты:Балалар пішіндерден құраастырылған жануарлардың суретін бояу. **Сурет салу** **Д/ойын: «Пішіндер»** Шарты:Балалар ермексаздан пішіндер құрастыру. **Құрастыру** - Жақсы, балалар, жарайсыңдар! Тапсырманы орындадық. Рефлексия: Балалар, біз қандай пішіндермен таныстық? Төртбұрышқа нелер ұқсайды? - Үшбұрышқа ше? - Дөңгелекке ше? - Бұл барлығы геометриялық пішіндер. Жақсы, балалар, жарайсыңдар. Ал енді айтыңдаршы,сендерге сабақ ұнады ма?	- Балалар, саламатсыздарма! Бүгін біз ерекше тақырыпта әңгімелесеміз – үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы. Біз оларды ажыратып, әрқайсысының ерекшеліктері мен өмір сүру ортасы туралы сөйлесетін боламыз. Тәрбиеші сұрақтары: - Үй жануарлары дегеніміз не? (Балалар жауап береді) - Олардың өмірі қандай? (Тәрбиеші жауапты толықтырады) - Жабайы жануарлар туралы не білеміз? (Балалар жауап береді) Тәрбиеші: - Дұрыс айттыңдар! Үй жануарлары – бұл адамдармен бірге тұратын және оларға көмектесетін жануарлар. Мысалы, мысық, ит, қой, сиыр. Ал жабайы жануарлар табиғатта өздігінен өмір сүретін жануарлар. Оларға арыстан, жираф, піл, аю сияқты жануарлар жатады. Олар	Иттің адамға қызметі? Мысықтың адамға қызметі? Үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлін ажырата білесіңдер ме? Ойын: «Төлін тап» Шарты: Луллия сақиналарын біріктіру арқылы үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлдерін табу. **(Көркем әдебиет,**	– Ал енді балалар, бізге келген екі қуыршақ қызды әңгімелейік. Айгүлдің шашы қандай екен? (Айгүлдің шашы қара, бұрымды, қолаң және ұзын болып өріліпті). Көздері дөңгеленген, қиғаш қасы, қыр мұрынды, әдемі ауызы болыпты. Ол үнемі өзінің қасынан сіңлісін тастамайтын қыз екен. Оның сіңлісінің есімі – Айгөлек. Осы екі қызымызға сыйлыққа домбыра жасап берейік. Домбыраны қағаз бетіне жапсыру жолдарын түсіндіру. **(жапсыру)** Балалар сендер халық әні: «Айгөлек» әнін білесіңдер ме? Сергіту жаттығуы: «Айгөлек» Айгөлек-ау, айгөлек Айдың жүзі дөңгелек. Айдай туған кезімде, Би, билейміз дөңгелеп. **(дене белсенділігі)** – Балалар, енді сендер Айгөлек пен Айгүлдің ауылына барғыларың келеді	- Бала қажетті нөмірді теріп, операторға ақпаратты жеткізуі керек. Жедел қызметтердің телефон нөмірлерін қайталау: - Жедел қызмет телефон нөмірлерін ойын түрінде қайталау. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы, балалар үйде қайталау үшін жедел қызметтерінің телефондары жазылған карточкаларды тарату. **Кауіпсіздікті камтамасыз етуге бағытталған балалар әрекет түрі**

		орманда, саваннада, далада өмір сүреді. 2. Д/Ойын: "Қай жануар қайда өмір сүреді?" Ойынның мақсаты: Жануарлардың тіршілік ортасын ажырату, балалардың бақылағыштық дағдыларын дамыту. Түрі: Топтық ойын. Жүрісі: - Балалар екі топқа бөлінеді. - Тәрбиеші жануарлардың суреттерін көрсетеді (үй жануарлары мен жабайы жануарлар) және әрбір топ жануарды өз орнына қоюы керек. Мысалы, үй жануарлары «үйде» тұрады, ал жабайы жануарлар – табиғатта. Жауаптар: - Үй жануарлары: ит, мысық, сиыр, қой, жылқы. - Жабайы жануарлар: аю, арыстан, піл, зебра, жираф. Тәрбиеші: - Балалар, қазір біз жануарларды олар өмір сүретін орталарына орналастыруымыз керек. Қай		ме? Балалар: әрине барғымыз келеді. – Ендеше барлығымыз көз жұмамыз. Балалар көз жұмып, көз алдарына қысқы ауылды елестетеді. Көз жұму әдісі: Қысқы ауыл бейнесін елестету. – Балалар, елестеттіңдер ме? Балалар: Қыс мезгілінде үйлдеген боран дауысы шығады. Уууууууууууууууу – Иә, үйлдейді. **(қазақ тілі)** Айгөлек пен Айгүлдің отбасында атасы, әжесі, ағасы, жеңгесі, әпкелері, інілері бар екен. Сонда олар үлкен отбасылы ма, әлде кіші отбасылы ма? Балалар: Олар үлкен отбасылы екен. «Отбасы мүшелерін сызық арқылы және ретімен орналастыр, орналастыру себебін түсіндір» тапсырмасын орындау.**(математика негіздері)** Тақпақ: «Отбасы» Анаң – күнің, жүрегің, Әкең – өмір тірегің. Әжең – асыл ардағың, Атаң – дана қорғаның. Ағаң	

		жануарды қай жерде көреміз? 3. Шығармашылық жұмыс: "Менің сүйікті жануарыма сурет саламын" Шығармашылық жұмыс мақсаты: Балаларға жануарларды көркем түрде бейнелеу мүмкіндігін беру, шығармашылық қабілеттерін дамыту. **(Сурет салу)** Жұмыс барысы: - Балалар өздеріне ұнайтын үй жануары немесе жабайы жануардың суретін салады. - Әр бала салған суретін сипаттап береді: «Мен мысықты салдым, ол үйде тұрады және ол өте сүйкімді», немесе «Мен арыстанды салдым, ол орманда өмір сүреді және өте күшті.» **(Тіл дамыту)** Қажетті құралдар: Түрлі түсті қарындаштар, қағаз, маркерлер. 4. Ойын: "Жануарлардың дауыстарын тану" Ойынның мақсаты: Жануарлардың дыбыстарын тану арқылы есте сақтау		– қамқор асқарың, Інің – мөлдір аспаның. (М.Қуанышбеков) (Әдісі: отбасы мүшелерінің суреттерін көрсету арқылы тақпақты жаттату). Педагог балаларға отбасы мүшелерін сыйлауды, тату-тәтті болуды,жақын туыстарын білуді түсіндіреді. **(Тіл дамыту, көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** **Ұлттық ойын: «Тауық күрес немесе итеріспек»** Шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да - тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Ойнаушылар жиналып болғаннан кейін, үлкен шеңбер сызылады да, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі ойыншының біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен,	

		және есту қабілетін дамыту. Түрі: Ұжымдық ойын. Жүрісі: - Тәрбиеші жануарлардың дыбыстарын (мысалы, иттің үруі, мысықтың мияулауы, сиырдың мөңіреуі) тыңдату арқылы балаларға жануарларды тануды ұсынады. - Балалар қай жануардың дауысы екенін анықтап, сол жануарды атауы керек. Қорытынды Тәрбиеші: - Балалар, бүгін біз үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы көп қызықты мәліметтер білдік. Үй жануарлары бізге көмекші болып табылады, ал жабайы жануарлар табиғаттың бөлінбес бөлігі. Олардың барлығы өз орны мен рөлі бар, сондықтан оларды қорғау өте маңызды. Тәрбиеші (балалармен бірге): - Жануарларды жақсы көруіміз керек және олардың өміріне құрметпен қарауымыз қажет. Келесіде олар		қарсыласын шеңберден итеріп шығарса - жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса - жеңілгені. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Ойын жалғаса береді. **Біртұтас тәрбие** **Адал азамат** **Ұлттық құндылықты дамыту**	

		туралы тағы да көп нәрсе білеміз! Қорытынды сөз: - Балаларға үй жануарлары мен жабайы жануарларды қорғау қажеттілігі туралы ескерту жасалады. Жануарларға қамқорлық жасау мәдениетін қалыптастыру.			
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотриканы дамыту				
	Сөреде қанша ойыншық бар?. Аю нешеу? Қоян ше? Мәшине үлкен бе? Ұшақ үлкен бе? **(математика негіздері)** Әңгіме құрау: «Менің ойыншығым» **(көркем әдебиет,тіл дамыту)** «Мәшине» **(жапсыру)** Мәшинеге жол салу. **(сурет салу).** Еркін ойын «Конструктор» **(құрастыру)** **Музыка** Балаларды аспаптарды тембірлік үнінен ажырату, музыканың динамикалық және қарқындық өзгерістерін сезініп салыстырып, сәйкес қимылдар жасау, музыканың жоғары, орташа, төменділігін сезіне білу, әнді қуанышты екпінді орындауға, әнге сәйкес би қимылдарын үйлестіріп қозғалуға талпындыру, домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Және аспаптарда қарапайым ырғақтарды соғып үйренуге қалыптастыру. Ән тыңдау: : «Менің анам» Ән айту: «Айналайын ақ мамам» Аспапта ойнау: «Көңілді теңізшілер» Әуенді ырғақты қимыл: «Төрт құбылыс» Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдарына созады, «ауа» - дегенде жоғары	құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт: ойыншық ақ қоянды қонақ ретінде таныстыру. Балалар қызығушылық танытады. Сұрақ-жауап: – Балалар бұл не? (Бірге қайталату: қоян). Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату. Қо-қо-қо – қоян. Құ-құ-құ – құлақ. Қа-қа-қа – қалам. Қы-қы-қы – қылыш. Қу-қу-қу – қулық. («Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын балаларды айтқызу арқылы ажырату). Қоянға сипаттама беру: – Қояннның түсі қандай? – Қояннның түсі ақ. – Оның жүні қандай? – Оның жүні жұмсақ, мамық, үлпілдек. – Қояннның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? – Неше құлағы бар? – Қояннның құлағы ұзын ба,қысқы ма? **(математика негіздері)** Педагог сөзін қайталау арқылы, «қ» дыбысын анық айтуға тырысу» **(тіл дамыту, қазақ тілі)**	тексереді және мынадай сұрақ қояды: – 5, 4, 3 цифрларының қасына неше заттың суретін салдыңдар және не себептен? **(математика негіздері,тіл дамыту)** Қимылды ойын: «Көжектер» Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала «түлкі» болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады **(Дене тәрбиесі)** Өлең шумақтарын оқу,не туралы екенін сұрау. Ақ қоян - ау, ақ қоян Кетпе деймін қасымнан Барма, сірә, мұндай аң, Өз - өзінен шошынған. Барлығымыз қолымызды иегіміздің астына қойып «Қ»дыбысын айтайықшы. Барлығы бірге «қ» дыбысын (үш рет) қайталап айтады -Иегіміз қолымызға тиіп тұр ма? -Неліктен тимей тұр екен? Балалар жауабы: -Себебі ол қандай дыбыс екен? **(көркем әдебиет,қазақ тілі)** 3-тапсырма. Педагог оң қолына қояннның, сол қолына тиіннің ойыншығын ұстап тұрады. Балалардан тиін мен қоянды қай қолына ұстап тұрғанын сұрайды. Содан соң теріс қарап, балаларға арқасын беріп тұрады және	тапсырманы орындау – тақтайдың екі жағынан жүріп, екі жаққа ажырап кету. Қимылдарды түсіндіру (балалар көрсетеді). Тақтайлардың жанына дұрыс тұруға көмектеседі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке» Қандай құстарды білесіңдер? Ал қандай құстарды қыста даладан көрдіңдер? Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Ондай құстарды қалай атайды? Жұмбақтар шешеді: Суретші қандай құстардың суретін салды? Құстар туралы білетіндерін әңгімелейді. Суықторғай – жотасы қоңыр, кеудесі сұр, кішкентай құс. Олар үйірімен жүреді. Торғай – пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді. Сарышымшық – жылдам ұшатын құс. Кеудесі сары-жасыл, басы, тамағы қара, құйрығы мен қанаты көгілдір, қарны сары, ал желкесінде ақ дақ бар. Суықторғай мен сарышымшық жазда жәндік және жидектермен қоректенеді, түрлі дәнді дақылдар да – олардың қорегі. Қыста адамдарға жақын жерге ұшып келіп, олар жасаған жемсауыттардағы жемді	— Тиін талдан-талға жеңіл секіреді.(Талға тиінді қою) Мына ағашта неше тиін бар?. Қайсы ағашта тиін көп?. (математика негіздері) — Енді тиіннің қимылын көрсетейікші. (Балалар тиіннің қимылын салады) Ал мынау күшіктің суреті. Күшіктің де жүні жұмсақ, әдемі, сүйкімді. Қане күшікке ат қояйықшы. Күшікке Ақтөс деп атайық. Ақтөс ет, сүйек жегенді жақсы көреді. Олар адамның досы. Егер үйге бөтен адам келсе үреді. Күшіктер қайтып үреді? — Аф-аф деп үреді. — Ал енді, балалар, Ақтөстің қимылын салайықшы. (Балалар күшіктің қимылын салады). Ендеше күшікті мүсіндейік. (мүсіндеу) — Балалар қарға ұшады екен, ал тиін секіреді екен, ал күшік болса жүгіреді екен. Енді біз «Не ұшады, секіреді, жүгіреді» ойынын ойнап жіберейік. Менің қолымда қарғаның, тиіннің, күшіктің бетперделері бар. (Балалар бетперделерді киіп, соған сәйкес тағамдарын тауып әкеледі) Мүсіндеген күшіктерімізге үйшік құрастырайық, келесі топ жабыстырайық. (қазақ тілі, тіл дамыту, қоршаған әлеммен таныстыру,жапсыру, құрастыру)

	көтереді, «от» - дегенде екі қолын айналдырады, «жер» - дегенде қолдарын түсіреді. Ойын: : «Аспапты тану» Шарты: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылмен көрсетеді) Домбыра – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Ендеше шертпелі аспап Асатаяқ – асатаяқ аспабында қалай ойнайды? (бір-біріне ұрып) Сазсырнай – сазсырнай аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп) Үрмелі аспап **Дене тәрбиесі** **(таза ауада)** **Тақырыбы:** **«Ойнаймыз – денсаулықты нығайтамыз»** **Міндеттері:** қолды екпінді түрде жаза отырып, текшелерді алға-жоғары-алысқа дәлдеп лақтыруға үйрету. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап өту арқылы жүруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілеттерін, динамикалық тепе-теңдікті дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Доптарға назар аударады. Бұрын доппен жасалған жаттығуларды еске түсірулерін сұрайды. Доптың көмегімен денсаулығын нығайтуға шақырады.	Сергіту жаттығуы: «Сұр қоян». Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен 28 Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. (Т. Бердияров) (көркем әдебиет) (Сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыс арқылы орындайды). – Балалар, көжек деген не? (Қоянның баласы) (К дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату. Кө-кө-кө-көжек. Кө-кө-кө-көже. Кө-кө-кө-көкек. Кө-кө-кө-көрпе. Жаттығуды қайталау арқылы «К» дыбысын анық айтуға тырысады. («К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергілерге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру). – Балалар көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүп-сүйкімді болады). Дидактикалық ойын:«Көжекпен ойналық» Міндеті: балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдылыққа үйрету. Көжектің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет.	ойыншықтардың қай қолда тұрғанын табуды сұрайды. Осыдан қорытынды жасайды: –Егер адам сендерге қарап тұрса, оның «оңы» сендердің «сол жағың» болып табылады. Педагог балаларға тапсырманы дәптерге орындау керектігін айтады. Содан соң сұрайды: –Бала бетімен қарап тұр ма, әлде арқасын беріп тұр ма? –Оның «оң жағы» қайсы, «сол жағы» қайсы? –Жалауша оның қай қолында? –Шар баланың қай қолында? Педагог баланың оң қолындағы затты көк қарындашпен бояуды тапсырады. Демонстрациялық материалдың №2 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау. 4-тапсырма. Педагог суреттегі жыл мезгілін тауып, оны сәйкестендірулерін сұрайды. Оны бояп, ал артық суретті қоршап сызуларын тапсырады.**(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)** Балалардан сұрайды: –Алма салынған себетті неліктен сызып тастадыңдар? –Қандай суреттерді боядыңдар және неге? –Қыс мезгілінің тағы қандай белгілерін білесіңдер? –Кім өз тамағын себетке салды?	шоқып жейді. **(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)**	

	Тізбекте бір-бірден жүру және жүруді жүгірумен алмастыру; шашырап жүру және жүгіру. Екі тізбек болып сапқа тұру. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар. Доппен орындалатын жаттығулар. Б.қ.: отыру. Допты табанмен домалату – өкшеден аяқтың ұшына дейін, оң/сол аяқпен кезекпен қайталау, допқа қатты салмақ салмай жеңіл домалату. Б.қ.: отыру. Допты табандарымен екі бүйірден қысып 5–10 секунд ұстап тұра, арасында босату. Б.қ.: отыру. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта, өкшеден башпайларға қарай домалату. Б.қ.: отыру. Табандарын допқа қояды. Допты қатты баспай, оңға/солға айналдырады. Б.қ.: отыру. Өкшені доптың үстіне қояды. Аяқтың ұшы жерге тиіп тұрады. Өкшемен допты басады, екі аяқпен бір уақытта немесе бөлек-бөлек жасауға болады. Негізгі қимылдарды орындау: Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Екі сап түзеп тұру. Жаттығуларды түсіндіру және орындалу тәсілін көрсету: доптың ұшу траекториясы бүгілген қолдарды белсенді жазуға тікелей байланысты. Тәрбиеленушілер оң, сосын сол қолдарымен лақтырған кезде шынтақтан бүгілген қолын екпінді түрде жазады. Алға, жоғары, алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша	– Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма? (Секіріп жүгіреді). – Ол қандай жабайы аңдардан қорқады? – Жабайы аңдарға нелер жатады? **(қоршаған ортамен таныстыру)** Мақалдың мағынасын түсіндіру. Мал жуасы – қой, Аң жуасы – қоян. (Жуас, момын, ешкімге зияны жоқ). Мақал-мәтелді «Үш дауыс» әдісімен жаттату. Әдістің қолданылуы: • бірінші жоғары дауыспен; • екінші ортаңғы дауыспен; • үшінші төмен дауыспен қайталанылады. Сергіту сәті: «Сүр қоян» Музыка әуенімен қимылдар жасайды. **(музыка)** Балалар қоян неден қорқады?.Әрине қасқырдан, түлкіден. Ендеше қоянға жасырыну үшін қысқы орман суретін салайық. **(сурет салу)** Қоянға арнап сәбіздер жабыстырайық. Үлкен сәбіз қоянға, ал кішкентай сәбіз көжегіне.Сәбіз қандай геометриялық пішінге ұқсайды?. Дұрыс үшбұрышқа**. (жапсыру)**	–Мен сендерге қарап тұрмын. Менің «сол жағым» қайсы, «оң жағым» қайсы? Балалар суреттегі екі себетке оң жағына алманы орналастырайық, ал сол жағындағы себетке алмұртты мүсіндейік. . **(құрастыру, жапсыру, мүсіндеу)** **Музыка** Қайталау. Қимылдар жасау, музыканың жоғары, орташа, төменділігін сезіне білу, әнді қуанышты екпінді орындауға, әнге сәйкес би қимылдарын үйлестіріп қозғалуға талпындыру, домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарымен жақынырақ таныстыру. Қайталау,мәтінді жаттатып аспапқа сүйемелдеп үйрету. Ән тыңдау: : «Ақ ботам» Ән айту: «Айналайын ақ мамам» Аспапта ойнау: «Көңілді теңізшілер» «Ойын: : «Аспапты тану» Шарты: Үнтаспа арқылы аспаптар үні беріледі (балалар қимылмен көрсетеді) Домбыра – Домбыра аспабында қалай ойнайды? (Шертіп) Ендеше шертпелі аспап Асатаяқ – асатаяқ аспабында қалай ойнайды? (бір-біріне ұрып) Сазсырнай – сазсырнай аспабында қалай ойнайды? (Үрлеп) Үрмелі аспап		

	бірінші қатар текшені белгіленген сызықтан асыра лақытруға тырысады, содан кейін екінші қатар лақтырады. Тепе-теңдік – қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап жүру (лекпен). Доптарды бір-бірінен 1 метр арақашықтықта бір қатарға орналастыру. Нұсқау – тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшына қою, қолдың қалыбын өзгерту. Қимылды ойын: «Соқыртеке» (3 рет). Педагог ойынның ережесін түсіндіреді. Санамақ арқылы «Соқыртекені» таңдайды, оның көзін байлайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Зырылдауық»: допты зырылдауық сияқты айналдыру үшін саусақтармен бұрап айналдырады. «Кім бәрінен епті» Қолына доп ұстап, 40 см биіктікке тартылған арқанның астымен еңбектеп өтеді. Нұсқау: допты еденге тигізуге болмайды. Өзіне-өзі массаж жасау: «Шапалақ». Спортпен шұғылданған адамның дені сау болатынын еске салады.				
2-ші таңғы ас	Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек	**№ 7** **Тайғанақты бақылау** **Міндеті:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару.	**№ 16** **Құстарды бақылау (сауысқан, торғай, көгершін)**

	құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтелдер жаттау** **-**Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Кім күшті?» *(қазақтың ұлттық ойыны)*** **Міндеті:** Жаттығу жасау барысында еңбектену,жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалауды үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналатынын түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»** **Міндеті:** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ шешу. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Жолға құмды төгу** **Міндеті:** Жолға құм төгу-еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайтынын атап өту. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Болжау Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бәйге»** **Міндеті:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.** **Міндеті:** Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. **Тәжірибе:** Қардың қасиеттері. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады.	Балалардың сөздік құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылықпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру. **Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеті:** Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды, Кіп –кішкентай торғайлар, Бақшамызды қорғайды. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Қарғалар»** **Міндеті:** Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу** **Міндеті:** Берілген тапсырмаға жауапты

			Қорытынды Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		болу,өз еңбегіне қанағаттана білу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (**Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып орындалатын жаттығулар. (2-3 минут) Төрт аяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. 2 Майтабанның алдын алу: Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау, (3- 4 рет) 3 Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға тербелу ақырын сосын жылдам. 4 Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяууу Фррр фрррр фррр 5.Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз, сарымсақты сумен ауыз қуысын шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Асхана» сюжеттік-рольдік ойыны. Міндеті: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды атауды,	«Шаштараз» Балалардың ойынға қызығушылығын арттыру, өз бетінше ойнай білу қабілетін дамыту, ойын үстінде өзін - өзі ұстай білу мәдениетіне, бір - біріне көмектесуге және жағымды қарым - қатынас	**Вариативтік компонент:** **«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары» **Мақсаты:** Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдар жөнінен түсінік беру. Халық болжамдарын өз	«Үш аю» ертегісі Міндеті: Ертегіні тыңдай отырып, сөздік қорын молайту. **Тіл дамыту**	«Құстар неге сөйлей алмайды? ертегісін тыңдау». МІндеті: шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. **(көркем әдебиет)**

	отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. **(тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Бір Тұтас Тәрбие** **Адал Азамат**	жасай білуге үйрету. Ойын жағдаятын қалыптастыру **Бір Тұтас Тәрбие** **Адал Азамат**	тәжірибелерінде пайдалана білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Барысы: 1.Шаттық шеңбері. 2. Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдар жөнінен түсінік беру. 3.Халық болжамдары, суреттер. 4.Сергіту сәті. 5.Халық болжамдарын өз тәжірибелерінде пайдалана білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. 6.Қорытынды. **Бір Тұтас Тәрбие** **Адал Азамат**		
Балалармен жеке жұмыс	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната білуді, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтай білуге үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар - **жеке жұмыс** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Жүруді, жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Қағаз парағын түрлендіруді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыра алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 19	№ 7	№ 12	№ 13	№ 16
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	«Мен және бөгде ересек адам» Сенімділік шеңберлері, ересектердің ережесі: егер бейтаныс	Ақ сүйек Қырағылық пен шапшаңдықты дамыту.	Теңге алу Шапшаңдық пен ептілікті арттыру. - Жерге қойылған теңгені немесе басқа заттарды жинау	Сақина салу Зейінді арттыру және бақылағыштық қабілеттерді дамыту.	Бесік жыры айту Ән айту қабілеттерін дамыту және ұлттық ән өнеріне баулу.

кітаптар қарау және басқалар)	адам есікті қақса, не істеу керек? ережелері, гаджеттер.Қауіпсіздік ережелері	- Ақ сүйек лақтырылады, балалар оны іздеп табуға тырысады. - Бірінші болып тауып әкелген бала жеңімпаз атанады.Бір тұтас тәрбие	үшін балалар жүгіріп жарысады. - Кім тезірек жинаса, сол жеңеді. Бір тұтас тәрбие	- Балалар шеңберге отырып, қолдарын біріктіреді. - Жетекші сақинаны білдірмей біреудің қолына салады. - Қалғандары оны табуға тырысады Бір тұтас тәрбие	- Балалар кезекпен бесік жырын айтып, орындаушылық қабілеттерін көрсетеді. Бір тұтас тәрбие
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы үйдегі жақындарына, достарына айтып беруді ұсыну.	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталауды балаларға ескерту.	Қыс мезгілігін ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Тәуелсіздік және отаншылдық**

Аптаның дәйек сөзі: «Отанды сүю – парызым!»

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Тобы: «Ботақан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 02.03-6.03.2026 жыл

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«**Менің Қазақстаным»** Қазақстан Республикасының Гимн орындалуы **Күй күмбірі «**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау,әңгімеге тарту. **(қазақ тілі)** **Күй күмбірі «**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау **Күй күмбірі«**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(Тіл дамыту)** **Күй күмбірі «**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **Күй күмбірі«**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут** **«Тыңдау және жауап беру»** Міндеті:Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруге үйрету	**Өнегелі 15 минут** **«Қайырымдылық пен көмек көрсету»**әңгімелеу Қайырымдылық – үлкен игі іс. Көмек көрсету арқылы жақсылық жасау. Қажетті адамға көмек көрсету	**Өнегелі 15 минут** **«Өзіңді дұрыс танып-білу»**әңгімелеу Өз қасиеттеріңді тану. Өзін-өзі дамыту жолдары. Өзін жақсы көріп, өзіне қамқор болу.	**Өнегелі 15 минут** **«Сыйластықпен тәртіп» әңгімелеу** Сыйластық дегеніміз не? Өз ісіне жауапкершілікпен қарау. Кішігірім іс-әрекеттердің мәні.	**Өнегелі 15 минут** **«Достықтың құндылығы»** Міндеті:Достық не үшін қажет екендігін, бір-біріне қалай көмектесудің,жақсы дос болудың маңыздылығын үйрету.

		– игі іс.			
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Үстел үсті ойын**:** **Д/о:«Пішіндер»** **Шарты:**Берілген таяқшалардан пішіндерді құрастыру және атау	«Қызықты лабиринт,нейро жаттығулар» Міндеті:Кеңкстік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды (алға-артқа,оңға-солға,жоғары-төмен) үйрету.	" Үстел үсті ойын: Д/О.«Шертпек» Шарты: балалар асықты шерту арқылы опай жинайды. Бала асықты шерткенде дәл түссе, өзіне сол асықты жинайды.	**«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттері: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру , Тіл дамыту)**	Үстел үсті ойын: «Кім мерген» Шарты:Балалар резина мен асықты ату арқылы опай жинайды.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертенгі жаттығулар кешені №13(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын үстелге қою). **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Көршісін тап!» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету. Шарты: Әр балаға карточка таратылады сол арқылы санның көршілерін табу керек. **Математика негіздері**	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. (**Тіл дамыту , қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**	Тіл ұстарту жаттығуын жаттау. Міндеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ша – ша – ша Жап – жасыл шырша. Ар – ар – ар Қандай аппақ қар. Ыс – ыс – ыс Келіп қалды қыс. **(қазақ тілі)**	**Заттық әлем:** Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру.	Сурет бойынша әңгіме құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? **Тіл дамыту**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі т/а** **«Көктем келді, көктем!»** **Міндеттері:** самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін,	**Дене тәрбиесі** «Жас өрт сөндірушілер» Міндеттері: Негізгі қимылдар:Жүру сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру аздап жоғары көтерілген баспалдақтың тақтайшалары арқылы аттап өтуге, тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшымен қоюға, денені тік	**Музыка** **Қайталау** Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндермен күйлерді тыңдау. **Ән тыңдау**«Домбыра туралы баллада» **Ән айту**: «Ақ ботам» Б.Байжұман **Аспапта ойнау:**«Көңілді оркестр»	**Дене тәрбиесі** **«Ойын лотосы»** **Міндеттері:** бір аяқты алға қарай созып, оның қасына екінші аяқты қою; екінші аяқтың ұшын ішке қарай бұрмау, адым басқанда аяқты бірқалыпты қимылдату қабілеттерін дамыту. Биікке көтерілген баспалдақ таяқшалары арқылы тізені жоғары көтеріп аттап өтуге, денені тік ұстауға	**Тіл дамыту** Міндеті: Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту.Қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрі туралы білім беру. Қонақ күтіп алу дәстүрінің мәнін түсіндіру. - Балалардың ұлттық мәдениетке деген

	зейінін дамыту, ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Алаңның бір шетінен қарама-қарсы жағына қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Тыныс алу гимнастикасы: «Демді тазартатын «ха». Ауаны жеңіл жұтуға тырысу қажет. Жаттығуды орындайды. Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. 1 – еркін терең дем алады, қолдарын алға қарай жоғары көтереді. 2 – мүмкін болғанша демін іште ұстайды. Ауызды ашып, өңешін бос ұстайды, демді аузынан тез шығарады, алға қарай еңкейіп, қолдарын түсіреді («ха»). 3 – бойын ақырын тіктейді және демалады. Демді шығарған кезде ауаны ауыз арқылы шығарады. «С» дыбысын шығарған сияқты қатты ысқырған дыбыс шығарады. Шығып жатқан ауаға тілмен кедергі жасау қажет. Негізгі қимылдарды орындайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?» Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Екі аяқпен бір уақытта итеріліп секіруге назар аудару. Допты жоғары лақтыру және	ұстап, тепе-теңдікті сақтауға үйретуді әрі қарай жалғастыру. Оңға қарай қосалқы адымды тізені көп бүкпей, арқа мен басты тік ұстап орындау қабілетін дамыту. Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеп өтуге жаттығу, дененің күшін арттыру, ептілікке баулу. Өзгелерге көмектесуге, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден сапта жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут; адымдардың қарқыны мен ырғағын сақтау. Тыныс алу гимнастикасы. Қосалқы адым жасап жүру: денесін оңға қарай бұрмай, тік ұстау қажет. Екі сапқа тұру. Қамшыны (өрілген жіп бұрым) пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Бастапқы қалыптың дұрыс сақталуына, мейлінше төмен еңкеюге назар аудару. Негізгі қимылдарды орындау: 1.Еденнен 20 см биікке көтерілген баспалдақтың тақтайлары арқылы аттап өту (қолды белге таянады). Балалардың тізені жоғары көтеріп, арақашықтық сақтап жүруіне назар аударады. 2.Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеу: аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру.	**Әуенді-ырғақты қимыл:** «Дауыс жаттықтыру» **Ойын: «**Пішіндермен ойын» Шарты: Әртүрлі пішіндерді ортаға шашып, Әуен қосылғанда шеңбермен билеп,әуен тоқтағанда айтылған пішінді жылдам тауып алу қажет **Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. Жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу,заттарды салыстыру.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Дайын мүсінді дөңгелек, үшбұрыш, шаршы,пішіндегі элементтерімен безендіру,жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің	жаттықтыру. Қимыл-қозғалыс жаттығуларының көмегімен қозғалу мүмкіндігін арттыру. Балаларды бір-біріне қайырымды болуға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын лотосын ойнауға шақырады. Шардағы әр нөмір ойын санын білдіреді. Тәрбиеленушілер залда музыка бойынша «шашырап» жүреді. Музыка аяқталғанда шеңбер жасап тұрады және қол ұстасады, қолдарын жоғары көтереді. Екінші рет «шашырап» жүгіреді. №1 шар. Ойын: «Тез шеңберге тұр» (музыканың ырғағымен). №2 шар. Ойын: «Айтқанымды орында!» №3 шар. Ырғақты-музыкалық қимылдар: шеңберде – алға қарай қосалқы адым жасау, жайлап отырады. №4 шар. Ойын түріндегі жаттығу: «Жылдам аяқтар» 20 см бикке көтерілген баспалдақтың тақтайлары арқылы аттап өту. Залдың қарсы бетіне өту, тізені жоғары көтеру, еденге қарамай, арқаны тік ұстап жүру. №5 шар. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен тышқан». Қорытынды кезең. Ойын түріндегі жаттығу: «Фигура жаса». Шарты: бөліктерден бүтін пішін шығару.	қызығушылығын арттыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тәрбиеші балаларға қазақ халқының қонақжайлылығы туралы әңгіме бастайды. Қазақ халқында қонақжайлылық жоғары бағаланып, қонаққа ерекше құрмет көрсетілетіндігі айтылады. - «Қонақжайлылық» деген сөздің мағынасы түсіндіріледі. Ұлттық ыдыс-аяқтар (күміс, қыш тостаған, табақ, т.б.) - Қазақтың ұлттық киімдері (қонақтың киімін көрсету… Қонақ келгенде, алдымен есік ашылып, қонаққа орын беріледі. - Қонаққа шай, су, қазақтың ұлттық тағамдары ұсынылатыны айтылады (қазақша ет, бауырсақ, қымыз, айран, т.б.). **(Тіл дамыту)** Тақырыптық ойындар: - «Қонақ күту» ойыны: Балалар екі топқа бөлініп, бір топ «қонақ», ал екінші топ «қожайын» болып бөлінеді. Қожайын қонаққа шай құйып, қазақтың салт-дәстүрлеріне сәйкес қонаққа құрмет көрсетеді. - «Қонаққа сый тарту» ойыны: Қонаққа ұсынатын тағамдар мен сыйлықтарды атау. Бұл ойында балалар қазақ халқының қонаққа ұсынатын тағамдарын жаттайды, қонаққа қандай сый тартуға болатынын үйренеді. **(қазақ тілі)** Қонақ күту рәсімінің элементтері: - Тамақ ұсыну: Қазақ халқы қонақ келгенде алдымен шай

	оны екі қолдап қағып алу. Нұсқау: допты алдына шығарып ұстайды, алға-жоғары лақтырады; допты саусақтарының арасын ашып ұстайды және өзіне қарай қыспайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуаласпақ-қуыспақ» Нұсқау: жақын тұрған орындықтардың үстіне тұру қажет. Көзге арналған гимнастика: «Сәуле» Қорытынды кезең. **«Ойыншықтарды жинаймыз»** **Міндеттері:**Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Жұмбақтар шешу арқылы ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі,өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Мүсіндеуде	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Таспа жіпті кім көп жинайды?» Ойын тәртібін ескерту: үш адымнан кейін серпіліп секіру қажет. Егер бала таспа жіпке қолын жеткізсе оны алып тастайды. Епті балаларды атап өтеді. Қорытынды кезең. Ойын: «Шеңбер бойымен». Қимылдарды көрсетуге қиналған балаларға көмек көрсетеді. **Ұлттық ойын: «Арқан тарту»** Шарты:Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Адал Азамат** **Қазақ тілі:** **«Үй жануарлары»** **Міндеттері:** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды	маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын интерактивті тақтаға аудару. -Видео көрсету. («Әли мен Айя» мамандықтар туралы) -Миға шабуыл. Жұмбақ жасыру. 1.Сауықтырар сырқатты, Жылы үнмен тіл қатты. 2.Қалпағы ақ қарасаң, Дәріген емес ол бірақ. Дәм мәзірін қаласаң, Алға ұсынып тұрады ол. 3.Алатаяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырығы күшті адам. 4.Білімнің дәнін береді, Балаға тәлім береді. -Мамандық иелері туралы түсінік беру. «Кір жаю» әдісін қолдана отырып, суреттер көрсету. Ойын: «Кім жоқ?» Шарты: балалар жіпте ілініп тұрған мамандық иелерінің суреттерін анықтап қарайды, содан соң көздерін жұмады. Көздерін ашқаннан кейін суреттердің ішінен жоқ маман иесін тауып айтады. **(Тіл дамыту)** Ойын: «Мамандықтың бәрі жақсы». Шарты: сюжеттік-рөлдік ойын ретінде балалар рөлге еніп, сол маман иесі болып ойынды ойнайды. **(көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру)**	Ойынның денсаулықты нығайтуға, епті әрі шапшаң болуға көмектесетінін еске салады. **Ұлттық ойын: «Көтермек»** Шарты:Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерімен атау. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.	мен бауырсақ ұсынып, кейін негізгі тағамды ұсынады. «Мақал-мәтелдерді толықтыр» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын байыту, мақал-мәтелдерді дұрыс қолдана білу. Тәрбиеші мақал-мәтелдің басын айтады, ал балалар оны аяқтауы керек. - Мысалы, «Сабыр түбі — ...», «Еңбек түбі — ...». - Бұл ойын балалардың мақал-мәтелдерді үйренуге және қолдануға дағдыландырады. Бұл ойындар мен жаттығулар балалардың сөйлеу дағдыларын дамытуға, олардың сөздік қорын байытуға және өз ойларын еркін әрі дұрыс жеткізуге көмектеседі. Д/ойын: «Кесені әшекейлейміз» Шарты:Балалар суреттегі кесені әшекейлеп бояу. **(Сурет салу)** **Д/о: «**Әдемі тостаған» Шарты:Балалар ермексаздан тостаған жасап көрсетеді **(мүсіндеу)** Балаларға қонақжайлылықтың маңызы мен қонақ күтіп алу рәсімін қайталап айтып, әр балаға қазақ халқының қонаққа деген құрметін сезінуге мүмкіндік береді. Қорытынды: Қонақжайлылық қазақ халқында ерекше орын алады. Бұл дәстүр қазақтың мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын сақтап, оларды болашақ ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Балалар қонақжайлылық дәстүрін үйрене отырып, өзара құрмет,

	қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ шешу. 1.Аяғы бар,жүрмейді, Аузы бар,сөйлемейді. Көзі бар көрмейді. -Ол не? (қуыршақ). 2. Ақ сарайын талқандап, Шықты біреу талдандап (ол жұмыртқадан жарып шығады). (балапан). 3. Шіркіннің өзіне обал-ақ, Жүреді аяқта домалап. (доп). **(қазақ тілі)** Балалардың назарын үстелдің үстінде тұрған ойыншықтарға аудару,әңгімелесу. Ойын: «Сұрақ - жауап» Қуыршақ неден жасалған? Онымен кім ойнайды? Доп неден жасалған? Допты үйде ойнауға болады ма? Ойыншықтардың атауларын жекеше-көпше түрде бірге атайықшы? **(Тіл дамыту)** Ойын: «Ойыншықтарды жинаймыз»	ойнауға баулу. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айту дағдыларын дамыту.Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру.Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Дайын мүсінді дөңгелек, сопақша пішіндегі элементтерімен безендіру. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше құрастыру. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Е.Ахметтің «Қасқа құлын» өлеңін оқып беру. Балалардан өлеңде қай жануар туралы айтылғанын және тағы қандай үй жануарларын білетінін сұрау? Үй жануарларының суреттерін қарастыру арқылы сұрақтарға жауап алу. Суреттен қандай үй жануарларын көріп тұрсыңдар?	Құрылысшы не тұрғызады? Үйді немен салады? «Қара және салыстыр» ойыны. Шарты: Фланелеграфтағы үйдің суреттерін салыстырады. -Үйлер бірдей ме, жоқ әртүрлі ме? -Бір-біріне арқаларыңмен тұрыңдар, қайсысың биік, қайсысың аласа екенін көреміз. **(математика негіздері)** Топқа бөлу: Топтық тапсырма беру: 1-топ: Ойын: «Құрастыру» Шарты: Аралас суреттердің ішінен кеспе суреттерді құрастырып,оны қағаз бетіне жабыстырып,қандай маман иесі екенін айтып береді. **(құрастыру,жапсыру)** 2-топ: «Сәйкестендіру» әдісі. Шарты: Әр маман иесінің құралдарын тауып сәйкестендіріп,бояйды. **(сурет салу)** Суретпен жұмыс. Көлік жүргізетін адамды кім деп атаймыз? Көліктер немен жүреді? Көлік дөңгелектері қандай болады? Дөңгелектер не үшін керек? Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: Балаларды жарыстыра отырып,көліктердің бөліктерін мүсіндеу. Саусақ жаттығуы. **(мүсіндеу)** Аспаптарда ойнау. Шарты: Музыкалық аспаптарда ойнау. **(музыка)** Шаштараз, жүргізуші, дәрігер сөздеріне дыбыстық талдау жасайды.	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Әңгіме жүргізу. Қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде қандай мерекелерді тойлаймыз? Балалар, қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар. Ал,енді бүгін «Менің сүйікті ойыншығым» туралы әңгімелесетін боламыз. «Сұрақ-жауап» ойыны. Сүйікті ойыншықтарың бар ма? Қандай ойыншықтарың бар? Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер? Ойыншықтарды қалай ұстау керек? Балалар, мына үстел үстінде жатқан заттар не? Ойыншықтармен не істейді? Балалар мынау қандай ойыншық? **(Тіл дамыту)** Сөредегі ойыншықтарға назар аудару, салыстыру, топтастыру, алдымен көзбен мөлшерлеу содан кейін қатарластырып қою (жуан-жіңішке,ұзын-қысқа). Доптың пішіні,түсі қандай? Доптың қимылы қандай? **(математика негіздері)** Қане бәріміз допша секірейікші? Кім доп туралы тақпақ біледі? Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды?	мейірімділік және ілтипат сезімдерін қалыптастырады. «АБАЙЛАҢЫЗ,ТЕРЕЗЕ!» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін, терезелердің жанында өзін ұстаудың қауіпсіздік ережелерін үйрету. Міндеттері: ▪ Балаларға терезелер неге қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіру. ▪ Балаларға терезенің жанында өзін ұстау ережелерін үйрету. ▪ Ойындар мен практикалық жаттығулар арқылы балаларды дұрыс мінез-құлыққа баулу. Материалдармен ресурстар: Терезелердің жанында дұрыс және дұрыс емес әрекеттерді көрсететін суреттер немесе карточкалар. Рольдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Терезелердің жанында сақ болудыңмаңыздылығы туралы әңгімелеу. Терезелералдындағықауіптер: Педагог қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда терезелер қауіпті болуы мүмкін екенін түсіндіреді. Мысалы, «Егер сіз ашық терезеге тым жақын болсаңыз, құлап кетуіңіз мүмкін», «Тереземен ойнауға немесе терезе үстінде/алдында секіруге болмайды». Терезе маңындағы тәртіп

	Шарты: Ойыншықтарды түстеріне,көлеміне,пішініне қарай топтастыру. **(математика негіздері)** -Балалар,ойыншықтар қайда сатылады? Олай болса біз автобусқа отырып,ойыншықтар дүкеніне барамыз ба? Көлікті кім жүргізеді? Дүкенде кім жұмыс жасайды? **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Сюжетті рольдік ойын: «Сатушы» Шарты: Ойынды рөлдерге бөліп ойнау. **Музыка** Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау,домбырада орындалған әндермен күйлерді тыңдау. **Ән тыңдау**«Адай»Құрманғазы **Ән айту**: «Ақ ботам» Б.Байжұман **Аспапта ойнау**: «Көңілді оркестр» **Әуенді-ырғақты қимыл:** «Дауыс жаттықтыру» **Ойын: «**Пішіндермен ойын» Шарты: Әртүрлі пішіндерді ортаға шашып,Әуен қосылғанда шеңбермен билеп,әуен тоқтағанда айтылған пішінді жылдам тауып алу қажет.	Оларды неліктен үй жануарлары деп атаймыз? Үй жануарлары қайда тұрады? Олардың төлдері қалай аталады? Сендер түйе туралы не білесіңдер? Түйенің түрі қандай болады? Үй жануарларының сыртқы келбеті,адамдардың еңбегі, олардың пайдасы,немен қоректенетіні туралы түсінік беру. Өзекті сұрақ: Сиырды немен алмастыруға болады? Сүт пен ет жасап шығаратын мәшинелер бола ма? Біз осы өнімдерді сатып алатын дүкендер қалай аталады? Қой бағатын адамды кім деп атайды? Сиыр бағатын адамды кім деп атайды? Жылқы бағатын адамды кім деп атайды? Түйе бағатын адамды кім деп атайды? **(Тіл дамыту)** Дыбыстық жаттығу: Қ-қ-қа-қи-қо-қой Кі-кі-келді ешкі. Ү-ү-үй-түй-түйе. Ұ-ұ-бұзау. Танымдық компьютерлік ойын: «Ненің дауысы?» Шарты: алдарындағы суреттен қай жануардың дауысы екенін көрсетеді. «Құлыншақты дұрыс қой» ойыны. Шарты: Қысқа жолаққа бір құлыншақты, ал ұзын жолаққа көп құлыншақты қояды.	«Сен өскенде кім болғың келеді?» ойының ойнау. Шарты: Доп лақтыру арқылы әр бала өз ойын айтады. **(қазақ тілі)** Қимылды ойын: «Өз үйіңді тап» Шарты: Әуен ойналып балалар серуендеп жүреді. Әуен тоқтап, жауын жауған кезде, көп қатарлы үйге қыз балалар, бір қатарлы үйге ұл балалар өз орындарын табады. **(Дене тәрбиесі**	Ал, мына қуыршақтың көйлегінің түсі қандай? Кім қуыршақтың қалай ұйықтайтынын көрсетеді? Ал, ұлдар көбінесе қандай ойыншықтармен ойнайды? Ал, машинаның түсі қандай? Кім машина туралы тақпақ біледі? Сипаттама беру. Балалар, ойыншықтар жасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Матадан жасалған . Пластмассадан . Резинадан жасалған ойыншықтар. Балалар, біз бұл ойыншықтарды қолымызбен ұстап, сипау арқылы оларды қандай екенін білеміз. Яғни, матадан, резинадан жасалған ойыншықтар жұмсақ, ал темір мен ағаштан, пластмассадан жасалса қатты болады. Бір ойыншықты біз ойыншық дейміз. Ал, көп ойыншықты қалай атаймыз? Жұмбақтар шешу 1.Аяғы бар, жүрмейді, Аузы бар,күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді . (қуыршақ) 2.Суға салсаң батпайды, Түскен жерге жатпайды. (доп) Дыбыстық жаттығулар: Шық, шық, шық, ойыншық. Шақ, шақ, шақ, қуыршақ. Дидактикалық ойын: «Жалғасын тап»	ережелері: 1-ереже. Ешқашан ашық терезеге жақындамаңыз.Түсіндіру: «Егер терезе ашық болса, одан аулақ болыңыз».2-ереже. Терезе үстінде/алдында ойнамаңыз. Түсіндіру: «Терезенің алдында ойнауға болмайды, тайғақ болып, құлапқалуыңыз мүмкін». 3-ереже. Ересектердің рұқсатынсыз терезелерді ашпаңыз. Түсіндіру: «Терезені ашпас бұрын үлкендерден рұқсат сұраңыз». 4-ереже. Егерсіз ашық терезені көрсеңіз, ересектерге айтыңыз. Түсіндіру: «Егер сіз ашық терезені байқасаңыз, бұл туралы дереу ересектерге айтыңыз». «Қауіпсіз терезелер» бейнеролигін көрсету Бейнероликті талқылау және «Терезенің жанында не істеуге болмайды» ойынын ойнау: Тәрбиеші әртүрлі әрекеттерді атайды (мысалы, «Ашық терезеге бару», «Терезеде ойнау», «Терезеден қарау»), балалар аталған әрекеттерді істеуге болатынын немесе болмайтынын айтуы керек. Болмайтын болса, «Болмайды!» деп себебін түсіндіреді. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі

		– Бір құлыншақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? - Көп құлыншақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма? Құлыншақты санау. 5- ке дейінгі сандарды тура және кері санау. **(математика негіздері)** Топпен жұмыс. 1 топ: Сиырдың суретін салу. Шарты: үзік сызықтарды қосу арқылы сиырдың бейнесін салып алып,бояйды. **(сурет салу)** 2 топ: «Үй жануарларын құрастыру» ойыны. Ойын шарты: Ортаға үш бала шығып қиындыдан үй жануарын құрастырып оның атын және төлдерін атап,дыбысын салады. **(құрастыру)** 3 топ: «Менің күшігім» ойыны. Шарты: Ермексазды жұмсартып,тұтас бөлікті созу арқылы иттің мүсінін келтіру,әңгімелеп беру. **(мүсіндеу)** «Төлдер айтысы» сахналау. **(көркем әдебиет)**		Ойын шарты: Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды. Менің ойыншығым - ..... /әдемі/. Мен қуыршақпен ...../ойнаймын/. Допты жоғары ..... / лақтырдым/. Ойын: «Ғажайып қорапша». Ойын шарты: көздеріңді жұмып қоржыннан кез - келген ойыншықты аласыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресің. **(Тіл дамыту ,қазақ тілі)** Мазмұнды -рольді ойын; «Ойыншықтар дүкені» Міндеті: Сөйлемді толық құрастыруға үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. Мамандыққа баулу, яғни дүкенші болуға ынталандыру және сыпайы сөйлеуге үйрету. Ойын шарты:1- бала – сатушы, 2-бала – кассир, 3-бала –тексеріп, қарап алушы. Дүкенге барғанда тәртіп сақтауымыз керек. «рахмет!», «қош келдіңіз!» деген сөздерді пайдалану (2 – 3 рет балалардың орындарын ауыстырып ойнату). **(көркем әдебиет)** Шығармашылық жұмыс. Саусақ жаттығуы. 3 топқа бөлу. 1 топ: Ойын: «Менің сүйікті ойыншығым» шарты: Қағаз бетіне домалақ	

				пішіннен доптың суретін салып, ирек сызықпен әшекейлеу. **(сурет салу)** 2 топ: ойын: «Қоян менің сүйікті ойыншығым» Шарты: Домалату,шымшу,жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, ермексаздан қоян мен көжектердің мүсінін жасау, салыстыру, әңгімелеу. **(мүсіндеу)** 3 топ: Ойын: «Мұнара құрастыр» Шарты: Конструкторлардан әдемі мұнара құрастыру. **(Құрастыру)**	
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Қызықты лабиринт,нейро жаттығулар» Міндеті:Кеңкстік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды (алға-артқа,оңға-солға,жоғары-төмен) үйрету.	«Хоккей » Міндеті: Шапшаңдыққа,ептілікке дағдыландыру. Шарты:Балалар кубикті лақтыру арқылы асықтарды жинайды.Кім көп асық жинаса сол жеңімпаз болады. **Адал Азамат**	" Үстел үсті ойын: Д/О.«Шертпек» Шарты: балалар асықты шерту арқылы опай жинайды. Бала асықты шерткенде дәл түссе, өзіне сол асықты жинайды.	**«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттері: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	Үстел үсті ойын: «Кім мерген» Шарты:Балалар резина мен асықты ату арқылы опай жинайды.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертенгі жаттығулар кешені №15(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын үстелге қою). **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу)				

	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Көршісін тап!» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету. Шарты: Әр балаға карточка таратылады сол арқылы санның көршілерін табу керек. **Математика негіздері**	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**	**Заттық әлем:** Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру.	Балалар көктемнің күніндей жылы сөздерді бір біріне айтады.	Сурет бойынша әңгіме құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? Тіл дамыту
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі т/а** **«Көктем келді, көктем!»** **Міндеттері:** Самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту, ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Алаңның бір шетінен қарама-қарсы жағына қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Тыныс алу гимнастикасы: «Демді тазартатын «ха». Жаттығуды орындау.	**Дене тәрбиесі** **«Асық ойнаймыз»** **Міндеттері:** биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ой-өрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын дорбаға аудару. Асықты айналып жүру, жүгіру. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындайды. 1.Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру, қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше	**Музыка** Қайталау Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау(музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау) Ән тыңдау:«Марш» Е.Тиличиеев Ән айту: «Біз тәртіпті баламыз» Б.Бейсенова Аспапта ойнау: «Келіншек»күйі Әуенді- ырғақты қимыл: «Кегли» Ойын: «Мен айтамын сен таныстыр» Шарты:Жетекші балаларға бір аспаптан ұстатып қояды.Жеке-жеке аспаптар туралы тоқталады.Айтылған аспапты көрсетуі қажет «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат» Міндеттері: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау.Сөздік қорларын заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) деген сөздермен байыту.Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын	**Дене тәрбиесі** **«Асық толы қоржын»** **Міндеттері:** мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жорғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**«Құстар— біздің досымыз!»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға,талқылауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Тақпақтарды,тиым сөздерді жаттап,мәнерлеп айтуға баулу. Екі-үш затты қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру.Қоңыр, қызғылт

	Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. 1 – еркін терең дем алады, қолдарын алға қарай жоғары көтереді. 2 – мүмкін болғанша демін іште ұстайды. Ауызды ашып, өңешін бос ұстайды, демді аузынан тез шығарады, алға қарай еңкейіп, қолдарын түсіреді («ха»). 3 – бойын ақырын тіктейді және демалады. Демді шығарған кезде ауаны ауыз арқылы шығрады. «С» дыбысын шығарған сияқты қатты ысқырған дыбыс шығарады. Шығып жатқан ауаға тілмен кедергі жасау қажет. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: 1.«Кім алысқа секіреді?». Шарты: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. 2.Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Шарты: допты алдына шығарып ұстау, алға-жоғары лақтыру; допты саусақтарының арасын ашып ұстау және өзіне қарай қыспау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуаласпақ-қуыспақ». Шарты: жақын тұрған орындықтардың үстіне тұру қажет. Қорытынды. Көзге арналған гимнастика: «Сәуле»	алысқа лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. 2.Ойын түріндегі жаттығу: «Марғаулар». Шарты: Топқа бөлініп ойнау. Алақан мен тізені тіреп, көлбеу тақтай үстімен өрмелеу. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына келгенде екі жаққа ажырайды. Балалардың екі жаққа ажырағанда тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Шарты: Шеңберлер – қарлығаштардың ұясы. Қарлығаш өте әдемі әрі шапшаң құс. Сондықтан балалар да қимылдарын қарлығаш сияқты әдемі етіп жасауы тиіс. «Сиқырлы асық» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру. Балаларға асықты көрсетеді. Тілек тілеуді ұсынады. **Ұлттық ойын: «Арқан тарту».** Шарты:Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса, құламаған бала жеңіске жетеді. **Қазақ тілі** **«Үй жануарлары»** **Міндеті:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын	өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Тұрмыстық заттарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту,оларды мүсіндеу баулу.Тұрмыстық заттардың жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Сәлеметсіңдерме балалар, көңіл-күйлерің қалай? Бүгін бізде ерекше күн,себебі сендердің білімдеріңді, тапқырлықтарыңды көруге қонақтар келіпті.Ал, қане ол үшін қонақтарымызбен сәлемдесіп алайық. -Балалар біз бүгін электротехникалық тұрмыстық заттар туралы әңгіме қозғаймыз. Электротехникалық заттар туралы қызықты ойындар мен тапсырмалар орындайтын боламыз. Электротехникалық заттардың қауіпсіздік ережелерімен танысамыз.	Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: **Ұлттық ойын:** «Тауық күрес немесе итеріспек» Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да - тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып	сары түстерді пайдалану. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,құрастыруға мүмкіндік беру Бақылау барысында көктемде құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: Жылы-жылы жүзбенен Маңдайымнан сипайын, Жылы-жылы жүзбенен Жүрегімді сыйлайын. Ыстық алақаныммен Қолыңды бер қысайын, Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын. Сәлеметсіздер ме , қонақтар! -Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде әдемі торғай туралы әңгімелесетін боламыз..Ал кәне айтыңдаршы қандай құстарды білесіңдер? -Иә,балалар құстардың түрлері өте көп. Осының ішінен балалар бүгін біз торғай туралы танысатын боламыз. Мына құс өзіміздің ауламыздағы кездесетін құстың бірі-торғай екен.Өзі дөңгелекше тәрізді.Торғай өзі кішкентай құс,тұмсығы да

	Музыка Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау) Ән тыңдау: «Қоңыраулар сыңғыры» В.Моцарт Ән айту: «Біз тәртіпті баламыз». Б.Бейсенова Аспапта ойнау: «Келіншек»күйі Әуенді- ырғақты қимыл: «Көңілді доптар» Ойын: « Әуе шары» Шарты: Балалар шеңбер бойымен шардың пішінін көрсетеді.Барабан соғылғанда шардың жарылғанын білдіріп қолдарын босатып жібереді. «ТОПТАҒЫ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға барлығына қауіпсіз және жайлы атмосфераны құру үшін топтағы негізгі мінез-құлық ережелерін үйрету. Міндеттері: • Балаларды тәрбие процесі кезінде мінез-құлықтың негізгі ережелерімен таныстыру. • Осы ережелерді сақтаудың маңыздылығын түсіндіріңіз. • Рольдік ойындар арқылы мінез-құлық ережелерін бекіту. Материалдар мен ресурстар: • Мінез-құлық	таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи (мақта, жүн) қалдық заттардан құрастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар шеңбер бойына тұрып ,өлең жолдарын бәрі бірге қайталайды. Әңгімеге тарту.Қазақ халқының ата-бабаларымыздың ұлт кәсібінің бір-түрі мал бағу, оны күтіп баптап өсіру болатын. Міне содан бері кейінгі ұрпақ жалғасып тауып келе жатыр.Мал бағуға ауылдық жер өте ыңғайлы ма?Ауылымызда үй жануарлары бар ма? Үйлеріңізде бар ма? Біз оларды неліктен үй жануарлары дейміз? Қандай жануарларды білесіңдер? Қой,ешкі,жылқы бағатын адамды қалай деп атаймыз? -Балалар, үй жануарларының төлдерін атап беріңдерші? Қандай үй жануарларының адамға пайдасы тиеді, деген әнгіме жүргізіп, сурет бойынша көрсету. Жануарлар үйде адамның көмегімен өсіреді	-Ол үшін барлықтарың маған назар аударыңдар. Қазір біз электротехникалық заттар жайлы жұмбақтардың шешімін табатын боламыз. Жұмбақ шешу. Үйімде бір құлтемір бар Оның тұмсығы ұзын. Ұшақ дерсің гуілдеген, Тазалыққа жаны құмар. Түшкірмей-ақ, пысқырмай, Жалықпай ол шаң сорар. (Шаңсорғыш) Қандай көлік - бұл таңқаларлық! Оның артынан бәрі таза, әдемі ... Дақтар мен кірді ол бәрінен тазартады. Өзі бәрін сығып алды - шайып. (Кір жуғыш машина) Оттай ыстық табаны, Мыж-мыж қыртысты, Тігістеп жазып барады (Үтік) Электротехникалық тұрмыстық заттар – электр көзі арқылы жұмыс жасап, біздің өміріміздегі атқарылатын жұмыстарды жеңілдетуге, жылдамдатуға көмек береді. Электр көзі болмаған кезде ертедегі адамдар шаңсорғыштың орнына – сыпыртқыны, кір жуғыш машинаның орнына – легенді, үтіктің орынына-шоқ үтікті пайдаланған екен. Балалар бізге үлкендерсіз электр көзіне жақындауға болмайды. Ол өте қауіпті, дұрыс орындамаған жағдайда өмірімізге қауіп төніп, өрт шығуы мүмкін. Ашық сұрақтар: «Бала үні» әдісі.	күресуінде. Ойнаушылар жиналып болғаннан кейін, үлкен шеңбер сызылады да, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі ойыншының біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен, қарсыласын шеңберден итеріп шығарса - жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса - жеңілгені. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Ойын жалғаса береді. **«Сан мен заттың аны арасындағы сәйкестікті табу. Үлкен, кіші, кішкентай. Шаршы»** **Міндеттері:** Сан мен заттың саны арасындағы сәйкестікті табу; Заттарды санау қабілетін күшейту; Заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыруды жалғастырамыз, осы сөздерді сөйлеу барысында қолданамыз; Заттардың ұқсас белгілерін (көлемі) тауып, оларды сол белгілеріне қарай топтастыруды үйретеміз; Геометриялық пішін – шаршы туралы түсінікті нығайту; зейіндерін дамыту; **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, үстелдің үстінде геометриялық пішіндер жатыр. Олардың арасынан	кішкене,аяқтары да кішкене.Өздері топтасып ұшып жүреді,дәнмен қоректенеді.Дәнді шоқып жейді,дәнді ұнатады екен.Ал адамдар құстарға ағаштан жем салғыш жасап,ішіне жем салып,құстар келіп қонады екен.Біз оларға қамқор болуымыз керек. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалар мына жерден не байқадыңдар? -Иә, мына жерде жұмыртқа жатыр. Кәне,зейінімізді мына жұмыртқаға аударайықшы. 1-ші жұмыртқаның ашылуы.(Әуенмен) -Балалар ішінен не шықты? Балалар бұл ұя бізге тапсырма әкеліпті.Бұл тапсырмада бізден құстың ұясына байланысты тыйым сөздер сұрайды. -Ал ендеше 2-ші жұмыртқаны ашайық.(Әуенмен) -Ой балалар, бұл балапан ғой.Бұл балапанның да бізге тапсырмасы бар екен.Бізден құстар туралы тақпақтар сұрайды. **(тіл дамыту,қазақ тілі,музыка)** -Балалар байқадыңдар ма, жұмыртқа қандай пішінге ұқсайды? -Ал балалар осы 3-жұмыртқаның көлемі бірдей ме? -Қане,салыстырып көріңдерші? **(математика негіздері)** 3-ші жұмыртқаның ашылуы

	ережелерінің иллюстрациясы бар суреттер немесе карталар. • Марапаттау стикерлері немесе шағын сыйлықтар. • Сюжетті-рольдік ойындарға арналған ойыншықтар немесе заттар. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Топтағы ережелер не үшін қажет екенін түсіндіру. Ережелерді сақтау топты барлығына жағымды және қауіпсіз етуге қалай көмектесетіні туралы қысқаша талқылау. Топтағы тәртіп ережелерімен таныстыру: 1-ереже. Тәрбиешіні және басқа балаларды тыңда. Түсіндіру: «Біреу сөйлегенде, біз мұқият тыңдап, түсінуге кедергі жасамауымыз керек». 2-ереже. Барлық адаммен сыпайы сөйлес. Түсіндіру: «Сөйлегенде сықырлы сөздерді қолданамыз: «өтінемін, рақмет, кешіріңіз». 3-ереже. Ойыншықтар мен заттарға ұқыпты бол. Түсіндіру: «Ойыншықтар мен заттар жалпыға ортақ, сондықтан біз барлығына жеткілікті болуы үшін ұқыпты қарауымыз керек». 4-ереже. Ұрыспа және ешкімді итерме. Түсіндіру: «Бір-бірімізге мейірімді боламыз және бір-бірімізді ренжітпейміз». 5-ереже.	Халқымыз үй жануарларын қастерлеген. Төрт- түліктің аты мен пір атасын айтып өту. Үй жануарлар адамға тигізетін пайдасы өте көп деп түсіндіріледі. Қалай дыбыстайды? Қалай шақырамыз? Жұмбақ жасыру. 1.Көкке шаншып құйрығын Келеді шаншып жүйрігің (құлын) 2.Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе- верблюд) 3.Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (Қой-овца) 4.Өзі күшті, мүйізі мықты, Төрт бұлағы сүт, Баға білсең құт. (Сиыр-корова) Секең-секең етеді, Тау мен тасқа жетеді. (Ешкі-коза) -Міне, қызық балалар, жұмбақтардың жауабын дұрыс таптыңдар. -Балалар, мен сендерге үй жануарлары туралы кішкене мағұлмат берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. Тәрбиеші төрт- түліктің аты мен пір атасын айтып тұрады. Ал балалар төрт –түлікті кім бағады? Қалай дыбыстайды? Қалай шақырамыз? Сұрақтарына жауап беріп отырады. Жылқы атасы- Қамбар ата. Сиыр атасы- Зеңгі баба. Түйе атасы- Ойсыл қара. Қой атасы- Шопан ата. Ешкі атасы- Сексек ата. -Пұшайт-пұшайт. -Ешкіні шөре-шөре деп шақырады. -Жылқы кісінейді.	Суретке назар аудару, элетро техникалық заттардың қайда орналасқанын сұрау.(Мысалы: оң жақта шаңсорғыш,ал сол жақта кір жуатын машина т.с.с) -Ал, балалар, электро техникалық заттар қалай жұмыс жасайды екен? -Олардың қандай түрлері бар екен? -Оларды біз не үшін қажет етеді екенбіз? -Ертеректе электр көзі болмағанда адамдар қалай өмір сүрген екен? -Электротехникалық заттарды пайдалануда қандай ережелерді сақтау қажет? Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: -Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды. -Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. -Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды. -Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды. (тіл дамыту,қазақ тілі) Топтастыру: -Ал, енді балалар бүгін біз ұйымдастырылған іс-әрекетінде, топта танысқан электротехникалық тұрмыстық заттардың түрлері бойынша әр түрлі ойын арқылы тапсырмалар орындаймыз. 1-топ «Шаңсорғыш» тобы. Ойын:«Сықырлы шеңбер» Шарты: Люллия шеңбері арқылы электротехникалық	шаршыны тауып, маған сол туралы айтып беріңдерші? **Негізгі кезең** **Тапсырмаларды орындау** 1-тапсырма. Педагог балаларға суретті мұқият қарап шығып, төмендегі сұрақтарға жауап беруді сұрайды: –Сәбіз қанша? –Шие нешеу? –Шалқан нешеу? –Алмұрт нешеу? Мынадай тапсырма беріледі: Дөңгелегі бар карточкалар мен заттар бейнеленген карточкаларды саны бірдей болатындай сызық арқылы қосыңдар. 2-тапсырма. Педагог балалармен бірге суретпен танысады және сұрақ қояды: –Тәрелкелердің көлемі қандай? –Алмалардың көлемі қандай? Тапсырма: әр алманы өзінің тәрелкесіне сал, ол үшін көлемі жағынан бірдей алмалар мен тәрелкелерді бір-біріне сызық арқылы қосыңдар. **Сергіту сәті. «Күшік»** Мен – күшік, сақұлақ, Ойнаймын шапқылап. Серікпін қашан да Малшыға, шопанға. 3-тапсырма бойынша геометриялық пішіндерді зерттеу. Педагог балаларға тақпақ оқып береді: Ал, балақай, қарашы, Мынау – біздің шаршы.	(Әуенмен) Бұл жолы жұмыртқадан құстың өзі шықты ғой. Бұл қандай құс? -Ал балалар, бұл торғай бізден көмек сұрай келіпті. Көмектесесіңдерме? Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты:түрлі түсті қағаздан жасалған құсты құрастырады(басы-көзі,тұмсығы,денесі,қанаты-құйрығы). **(құрастыру)** Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» **(дене тәрбиесі)** Ойын: «Сипаттап бер» Шарты: Сұрақтарға жауап беру. -Торғай қайда ұшады? -Торғай қайда өмір сүреді? -Торғай дәнді қалай жейді. -Торғайға аса не қажет? -Торғайдың ең сүйікті асы не деп ойлайсыңдар? - Торғай ағашты неден қорғайды? Таңғажайып сәт: Топқа тал кейіпкері келеді, қолында 4 заты бар. Құс ұясы, алақан ,ағаш бұтағы, ұя. -Сәлеметсіздер ме,балалар! - Мені танисыздар ма? -Өте дұрыс ,мен сіздер білетін тал боламын! Бірақ менің бұтақтарыма көптен бері құстар қонбай кетті(мұңайып). -Неге екенін білмеймін? (айналасынан құстарды іздеп) -Мен оларға аялы алақанымды,ұяшығымды,ағаш бұтақтарымды,құс ұясын әзірлеп келдім,тек осыған

	Бөліс және бірге ойна. Түсіндіру: «Бірге ойнау да қызық, ойыншықтармен бөлісу де қызық». Иллюстрация мен мысалдар: ережелерді сақтаған немесе сақтамаған балалардың суреттерін немесе көріністерін көрсету. Ережені сақтамағанда қандай жағдайлар болуы мүмкін екенін талдау. Сюжетті-рольдік ойын: Балаларды жұпқа немесе кіші топтарға бөліңіз. Олардан ережелерді сақтау көріністерін сомдауды сұраңыз (мысалы, бір-бірін тыңдау, сыпайы сөйлеу, ойыншықтарды бөлісу). Ұйымдастырылған іс-әрекеттің рефлексиясы. Негізгі тәртіп ережелерін қайталау. **Кауіпсіздікті камтамасыз етуге бағытталған балалар әрекет түрі** .	Жылқыны- қырау-қырау деп шақырады. -Түйе боздайды. -Түйені көс-көс деп шақырады. -Сиыр мөңірейді. Сиырды аухау-аухау деп шақырады. Төрт түліктің белгісі. Түйе-байлық Қой-мырзалық Ешкі-жеңілдік Жылқы-сәндік Сиыр-ақтық Түйенің тобы –келе Жылқының тобы-үйір Сиырдың тобы-табан Қой, ешкі –отар. -Балалар, осы жануарлардың ішінен мен сендерге қой туралы толығырақ айтып көрсеткім келіп отыр. -Қой қалай дыбыстайды? -Қой маңырайды. -Қойларды суарарда қалай шақырады? -Пұшайт-пұшайт. Дұрыс айтасыңдар, қойдың етін жейміз,терісін, жүнінен киіз басамыз, киім кешек, тұлып тоқиды. Қойға байланысты мақал-мәтеліміз де бар. -Қойдың сүті қорғасын. Қойды ұрған оңбасын,—қойдың сүті пайдалы екен,балалар,одан құрт жасайды. Қойдың майын емге де пайдаланамыз. —Мал өсірсең,қой өсір Өнімі оның көл-көсір демекші Әжелеріміз қойдың жүнінен көрпе, жіптер жасаған.Киіз басып, текеметтер, алашалар, сырмақ тоқыған. Қойдың мүйізіне қарап ,ою өрнектерді сырмаққа салған.	заттарды ажыратып, не үшін қажет екендігін атайды. (қоршаған әлеммен таныстыру) 2-топ «Блендер» тобы. Ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат» Шарты: Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі.Балалар солардың ішінен электротехникалық заттарды тауып,салыстырады. (математика негіздері) 3-топ «Кір жуғыш машина» тобы. Ойын: «Қызықты теледидар» Шарты: Майшам арқылы бастырып, теледидардың бейнесін бояу. (сурет салу) - Енді бүгін кім қандай топта жұмыс жасады? Қандай заттармен таныстыңдар? Кім әңгімелеп береді? Еркін ойын: «Сатушы» Шарты: балалар ішінен бір сатушы,ал қалған балалар сатып алушы болады.Сатушы өзінің мінезімен басқа қырынан да көрсетеді. (көркем әдебиет) «От шашу» әдісі (Балалар өз-өздерін бағалайды). Ойын: «Не пайда болды?» Шарты: Сіріңке қораптарын құрастырып алып,оның сыртын түрлі түсті қағазбен жапсыру,ермексаздан антеннасын жасау, оның ішіне қиылған бейнелерді орналастыру. (құрастыру,жапсыру,мүсіндеу) Қимылды ойын: «Шаңсорғыш»	Теңестірген төрт қабырғасын. Бар оның төрт бұрышы. – Шаршының қанша бұрышы, қанша қабырғасы бар екенін тексерейік. – Балалар, тақпақта қандай геометриялық пішін туралы айтылған? Оның басқа пішіндерден қандай ерекшелігі бар? –Суретте қандай пішіндер берілген. Олардың ішінде неше шаршы бар? –Шаршылардың көлемі қандай? 4-тапсырма. Педагог балалардың жоғарыдағы орындық пен төменгі орындықта отырған аңдарды мұқият қарап шығуын өтінеді. – Жоғарыдағы орындықта неше аң отыр? –Оларды атап беріңдерші? –Ал енді, балалар, жоғарыдағы орындық пен төмендегі орындықта отырған аңдарды сан жағынан салыстырыңдар. Қайсы аң кетіп қалды? –Қанша аң кетіп қалған болса, сонша дөңгелекті бояңдар. **Жұмбақ шешу** Бейқам жатқан ел іздейді, Малдан күдер үзбейді. Қорадағы қойға шабады, Кәне, жауабын кім табады? (Қасқыр) Жаңғақ толы орманда, Күндіз тамақ айырып. Жатады кеш болғанда, Өз құйрығын жамылып. Бұл	қонатын құстар болса….(мұңайып) - Мен сендерден көмек сұрай келдім. - Қане,балалар,талға көмегімізді береміз бе? - Ал, сен тал мұңайма,балалар әрдайым көмекке әзір. Ойын: «Әдемі торғай» Шарты: Ермексаздан торғайдың мүсінін жасау. **(мүсіндеу)** Балалар үстел үстіне суреттер жайғасқан қараңыздаршы.Осы мүсіндеп жасаған торғайларыңды өз қиялдарыңа ,еріктеріңе қарай суреттерге орналастырыңдар.Өз торғайларыңды қайда қойғыларың келеді екен,қане көрейік. **(жапсыру)** -Міне,тал енді көңілін көтерілді ме,біздің балалар қандай әсем әдемі торғайлар жасап берді-деп талға береді.Тал рахметін айтып: -Балалар, мен сендерге риза болдым.Менің қуанышымда шек жоқ.Сау болыңыздар!(тал кетіп қалады) -Ал балалар,құстарға ұя жасап,өз мекеніне орналастырдық. Балалар, ендеше ауладағы құстарға жем беріп қоректендірейік. Ойын: «Жем шашайық» Шарты: дайын бояуды саусақтың ұшымен нүктелер жасайды. **(сурет салу)** Құстарға әр кез қамқор болайық! Құстар— біздің досымыз!

		Қойдан асық аламыз,солай ма ,балалар,кандай асықтар туралы ойын білеміз. Балалар: «Ханталапай», «Асық ату», «шахмат» ойыны Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер көрсетеді. Балалар сол суреттер жайында айтуы керек. Балалар сендерді ата-аналарың қалай еркелетеді? Ал енді балалар, сендерге хат келіпті. Хатты ашып оқиын. Хатта: Саламатсыздар ма! Балалар ! Мен сіздердің жайлаудағы ата-аналарың сендерге өлең шумағын жазып жіберіпті. Төрт түлік малда өз төлдерін еркелетеді. Соны мен сендерге басын оқып тұрамын, ал сендер артын жалғастырыңдар. Сөйтіп атамыздың сұрағына жауап берейік. Түйе сүйеді баласын -«боташым» деп «Жаудыраған көзіңнен -тоташым деп» Ешкі сүйеді баласын -«лағым» деп Тастан –тасқа секірген -«шұнағым»деп Жылқы сүйеді баласын -«құлыншағым» деп Тұлпар барып жүгірер -«жұлыным» деп. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)** Сергіту сәті: «Қошақаным» әні. **(музыка)** Төрт-түлік мал туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер! Таңғажайып сәт: Қойшының баласы кіреді. Асықтардан үй құрастыруға болатындығын,сырмаққа ою өрнегімізді салу арқылы,жүннен неше түрлі заттар жасауға	Шарты: Ойын музыка әуенімен ойналады,түрлі қимылдар жасайды. Барысы: Күн сәулесінде шаңдар көңілді болып билейді. Шаңсорғыш жұмыс жасайды. Ақырын - ақырындап шаңдар айналып кетеді де, еденге барып шөгіледі. Шаңсорғыш шаң жинайды; кімге тисе, сол орнынан тұрып кетеді. (дене тәрбиесі,музыка)	не? (Тиін) Ұ. Есдәулетовтың «Тәй-тәй қуыршақ» өлеңін жаттау. **(дене тәрбиесі,көркем әдебиет)** Ойыншықтар жәрмеңкесі. Балалардың жасаған ойыншықтарын басқа топтың балаларына тамашалату. Қонақтарға музыкалық ойыншықтарды пайдаланып концерт ұйымдастыру. **(музыка)** Дидактикалық ойын: «Өз орнына орналастыр» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, әңгімелей білуге үйрету.**(тіл дамыту)**	

		болатындығын жұмыстарынан көрсетеді. Балалар үш топқа бөлініп, киіз үйге асықтарды жіпке тізе бастайды.екінші топ сырмаққа қошқар мүйізді оюды салады,үшінші топ қошақанның суретіне жүнін жапсырады. **(сурет салу, жапсыру, құрастыру)** Балалар қонаққа қойдың жүнінен,асықтан көп пайда акелетіндігін шығармашылық жұмыстары арқылы көрсетеді. Қорытындылау. Үй жануарларының пайдасы бар ма? -Сонымен балалар, бұл үй жануарларының бізге тигізетін пайдасы өте көп екен. Сондықтан біз оларды күтіп, бағуымыз керек. Ал ендеше балалар: Өте жақсы қатыстыңдар! Балалар мадақталады.			
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнніңкөзі)	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	**№ 2** **Күннің көзін бақылаймыз** **Міндеті:** Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары тұрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. **Балалармен жеке жұмыс:** *Жұмбақ* Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды**

	Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Ұлттық ойын:«Тауық күрес немесе итеріспек»** Шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да - тек жалғыз аяғымен ақсаңдай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Ойнаушылар жиналып болғаннан кейін, үлкен шеңбер сызылады да, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі ойыншының біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен, қарсыласын шеңберден итеріп шығарса - жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса - жеңілгені. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін	ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы менептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Ұлттық ойын:«Ақсерек – Көксерек»** **Шарты:**Бөлінейік екіге, Тұрайық жолдың шетіне, Қол ұстасып алайық, Ажырамастай бекіне. **Бірінші топ:** Ойынға бала көп керек, Қалмасын ешкім өкпелеп. Ақсерек - Көксерек, Сіздерге бізден кім керек? **Екінші топ:** Мықты біздің шебіміз, Бұздырмаймыз, тегі, біз, Болса сынап көріңіз, Күшіңіз бен ебіңіз. Біздің берік арнаны, - Екпінмен соғып қалады. Бұзса олжа алады, Бұзбаса тұтқын болады. Шақырамыз сынаққа, **Санат** - деген баланы. **Адал Азамат** **Ұлттық құндылық**	**Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**	***Қимылды ойын:* «Күн мен түн»** **Міндеті:** Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. **Физикалық қасиеттер** ***Еңбек:*** **Міндеті:** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, қопсыту, жоғарлатып жинау.Ойын орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Ұлттық ойын: «Көтермек»** Щарты:Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады.Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. **Адал Азамат** **Ұлттық құндылық**

	жетілдіреді. Ойын жалғаса береді. **Адал Азамат** **Ұлттық құндылық**				
Серуеннен оралу	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) (өзін-өзі басқару дағдылары) **«Суды,тамақты,энергияны үнемді тұтыну»-** табиғы ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру, әзірлеу. **Мақал:**Су-ырыстың көзі,еңбек –кірістің көзі. **Қоршаған әлеммен таныстыру**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнін білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Ұлттық ойын: «Қол күрес» Шарты: Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасумен орындалады. 2 бала шынтақтарын столға тіреп қол бастарын айқастырады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.	«Шаштараз» сюжеттік-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Шаштараздың еңбегімен таныстырып, оның қызметін атқаруға үйрету. (қоршаған әлеммен таныстыру.Суреттен шаштараздың құралдарын тауып құрастыру тіл дамыту)	В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» Тақырыбы: «Бау-бақша бізді күтуде» Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуды жалғастыру. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. Еңбеккорлыққа тәрбиелеу.Көкөніс көшеттері, күректер, суқұйғыштар	**(көркем әдебиет)** «Мақта қыз бен мысық» ертегісін оқып беру. Міндеті:Ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға,таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге ынталандыру.	«Бұл қай кезде киеді» Міндеті: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып,ауыз екі сөйлеуге баулу.
Балалармен жеке жұмыс	**Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар жеке жұмыс** өз бетінше ойнайды және спорттық	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **- жеке жұмыс** кеңістіктегі заттардың өзіне	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **- жеке жұмыс** қағаз парағын	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** өзара көмек беруге,

	ойындардың ережелерін сақтауды үйрету **(Физикалық қасиеттері)**	ақпаратты қызығушылықпен талқылауын қалыптастыру **(Коммуникативтік дағды)**	қатысты орнын анықтай алуын дамыту **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	түрлендіруді үйрету **Шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетінің дамуы**	ренжіген балаға жанашырлық танытуға үйрету **Әлеумет**
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. (**тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№ 14	№ 19	№ 3	№ 21	№ 2
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Топ болып жұмыс жасау. Қиынды пішіндерді,ермексазды қолдану арқылы композиция құрастыру. Шарты: Қызғалдақ гүлін құрастырып,жапсыру, себелеп тұрған жаңбыр бейнесін ермексаздан жасау,ағып жатқан судың суретін салу. (құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **Тіл дамыту**	Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен ойын құралдарының суретін салдырту, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы ойыншыларды жасату және геометриялық пішіндер арқылы ойын құралдарын жапсырту. **сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**	Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар Міндеттер. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. . (**құрастыру)**	«Ақылды балапан» ертегісін естеріне түсіру. Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету көркем әдебиет
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Үйде баланың өзі киініп өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарындашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу. Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Аптаның дәйек сөзі: «Еңбек – қуаныштың кілті»

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Тобы: «Ботақан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 06.04 - 10.04.2026 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. Гимн айту Күй күмбірі	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (Тіл дамыту) Күй күмбірі	Саусақ жаттығулары «Бұл атаның саусағы…» - ұсақ мотириканы дамыту **(математика негіздері,дене тәрбиесі).** Күй күмбірі	Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес бер **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Күй күмбірі	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу **(тіл дамыту).** Күй күмбірі
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту **«Өнегелі 15-минут»** **«Шертпе»ойыны**	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау **«Өнегелі 15-минут»** **«Шертпе»ойыны**	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау **«Өнегелі 15-минут»** **«Асық»ойындары**	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу **«Өнегелі 15-минут»** **«Отбасы бақыт мекені»**	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу **«Өнегелі 15-минут»** **«Денсаулық-зор байлық»**
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Ойын: «Суреттің бөлігін тап» Ойын шарты: Баланың алдына суреттер қойылады.Суреттің жетіспейтін бөлігін табу **(тіл дамыту)**	«Қалай дыбыстайды» Мақсаты:Балалардың дыбыстар айту арқылы артикуляциялық аппаратын дамыту. **(тіл дамыту)**	«Мамандықтардың бәрі жақсы» ойыны. Міндеті: Ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **(көркем әдебиет)**	«Көп және біреу» **математика негіздері)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті: Табиғат бұрышында еңбек етуге қызығушылықтарын ояту. **(қоршаған әлеммен таныстыру)**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №15**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Аңдарды қоректендір» Мақсаты: Қоршаған орта туралы білімдерін	«Жақсы және жаман» Мақсаты : Балаларға жақсы және жаман әдеттерді айыруға үйрету.Байланыстыра сөйлеуге үйрету.	**«Бос торларды сәйкес пішінмен толтыр»**	«Сиқырлы суреттер» Мақсаты:Балалардың логикалық ойлау қабілетін ,ес,зейін	**«Не істеп тұр»** **Мақсаты:** Зат есім етістіктерді қосу арқылы

	кеңейту. Сөздік қорын молайту		**Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету	қабылдау процесін дамыту	байланыстыра сөйлеуге, сөйлем құрастыруға үйрету.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы: «Көктем келді, көктем!»** **Міндеттері:** Самокатпен сырғанау кезінде бұрыла білуге, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Бір орында тұрып ұзындыққа секіргенде дененің бастапқы қалпын дұрыс сақтау, қолды төмен-алға қозғалтып, оны аяқтың серпілісімен үйлестіру қабілетін жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін, зейінін дамыту, ептілікке баулу; төзімді болуға, тәртіпті болуға, күшті әрі алғыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қатарға тұру. Алаңның бір шетінен қарама-қарсы жағына қарай жүру, «шашырап» жүгіру, қатарға тұру. Тыныс алу гимнастикасы: «Демді тазартатын «ха». Жаттығуды орындау. Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. 1 – еркін терең дем алады, қолдарын алға қарай жоғары көтереді. 2 – мүмкін болғанша демін іште ұстайды.	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы: «Асық ойнаймыз»** **Міндеттері:** биікте жүрген кезде тепе-теңдік сақтауды, орындықтың екі шетінен бастап жүріп, орта тұсына келгенде ажырауды үйрету. Көлбеу тақтайдың шетінен ұстау қабілетін нығайту (4 саусақ астында, үлкен саусақ үстінде), арқаны түзу ұстап, алға қарап жүру қажет. Асықты бір қолмен алысқа лақтырып жаттығу; лақтыру күшін дамыту. Балалардың ой-өрісін кеңейту, қазақтың тұрмыс-тіршілік элементтерімен, ұлттық ойындарымен таныстыру; толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын дорбаға аудару. Асықты айналып жүру, жүгіру. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындайды. 1.Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. 2.Ойын түріндегі жаттығу: «Марғаулар». Шарты: Топқа бөлініп ойнау. Алақан мен тізені тіреп, көлбеу тақтай үстімен өрмелеу. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына келгенде екі жаққа ажырайды. Балалардың екі жаққа ажырағанда тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Шарты: Шеңберлер – қарлығаштардың ұясы. Қарлығаш өте әдемі әрі шапшаң	**Тақырыбы: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»** **Міндеттері:** Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау.Сөздік қорларын заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) деген сөздермен байыту.Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Тұрмыстық заттарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту,оларды мүсіндеу баулу.Тұрмыстық заттардың жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Сәлеметсіңдерме балалар, көңіл-күйлерің қалай?	**Дене тәрбиесі** **Тақырыбы: «Асық толы қоржын»** **Міндеттері:** мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, өз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жоғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды	**Тақырыбы: «Құстар— біздің досымыз!»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға,талқылауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Тақпақтарды,тиым сөздерді жаттап,мәнерлеп айтуға баулу. Екі-үш затты қасына қою тәсілдерін қолданып, салыстыру.Қоңыр, қызғылт сары түстерді пайдалану. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып

	Ауызды ашып, өңешін бос ұстайды, демді аузынан тез шығарады, алға қарай еңкейіп, қолдарын түсіреді («ха»). 3 – бойын ақырын тіктейді және демалады. Демді шығарған кезде ауаны ауыз арқылы шығарады. «С» дыбысын шығарған сияқты қатты ысқырған дыбыс шығарады. Шығып жатқан ауаға тілмен кедергі жасау қажет. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: 1.«Кім алысқа секіреді?». Шарты: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. 2.Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдап қағып алу. Шарты: допты алдына шығарып ұстау, алға-жоғары лақтыру; допты саусақтарының арасын ашып ұстау және өзіне қарай қыспау. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қуаласпақ-қуыспақ». Шарты: жақын тұрған орындықтардың үстіне тұру қажет. Қорытынды.	құс. Сондықтан балалар да қимылдарын қарлығаш сияқты әдемі етіп жасауы тиіс. «Сиқырлы асық» жаттығуының көмегімен эмоционалдық фонды қалпына келтіру. Балаларға асықты көрсетеді. Тілек тілеуді ұсынады. **Қазақ тілі** **Тақырыбы: «Үй жануарлары»** **Міндеті:** Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу.Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Қазақ оюларының элементтерін: «қошқар мүйіз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи (мақта, жүн) қалдық заттардан құрастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар шеңбер бойына тұрып ,өлең жолдарын бәрі бірге қайталайды. Әңгімеге тарту. Қазақ халқының ата-бабаларымыздың ұлт кәсібінің бір-түрі мал бағу, оны күтіп баптап өсіру болатын. Міне содан бері кейінгі ұрпақ жалғасып тауып келе жатыр.Мал бағуға ауылдық жер өте ыңғайлы ма? Ауылымызда үй жануарлары бар ма? Үйлеріңізде бар ма? -Біз оларды неліктен үй жануарлары дейміз? Қандай жануарларды білесіңдер? Қой, ешкі, жылқы бағатын адамды қалай деп атаймыз?	Бүгін бізде ерекше күн,себебі сендердің білімдеріңді, тапқырлықтарыңды көруге қонақтар келіпті.Ал, қане ол үшін қонақтарымызбен сәлемдесіп алайық. -Балалар біз бүгін электротехникалық тұрмыстық заттар туралы әңгіме қозғаймыз. Электротехникалық заттар туралы қызықты ойындар мен тапсырмалар орындайтын боламыз. Электротехникалық заттардың қауіпсіздік ережелерімен танысамыз. -Ол үшін барлықтарың маған назар аударыңдар. Қазір біз электротехникалық заттар жайлы жұмбақтардың шешімін табатын боламыз. Жұмбақ шешу. Үйімде бір құлтемір бар Оның тұмсығы ұзын. Ұшақ дерсің гуілдеген, Тазалыққа жаны құмар. Түшкірмей-ақ, пысқырмай, Жалықпай ол шаң сорар. (Шаңсорғыш) Қандай көлік - бұл таңқаларлық! Оның артынан бәрі таза, әдемі ... Дақтар мен кірді ол бәрінен тазартады. Өзі бәрін сығып алды - шайып. (Кір жуғыш машина) Оттай ыстық табаны, Мыж-мыж қыртысты, Тігістеп жазып барады (Үтік) Электротехникалық тұрмыстық заттар – электр көзі арқылы жұмыс жасап, біздің өміріміздегі атқарылатын жұмыстарды	айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде өз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: екі қатарға тұру,қимылдарды команда бойынша орындау, асықты мүмкіндігінше алысқа лақтыру. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл, ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Шарты: Санамақтың көмегімен «Соқыртекені»	және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап,құрастыруға мүмкіндік беру Бақылау барысында көктемде құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: Жылы-жылы жүзбенен Маңдайымнан сипайын, Жылы-жылы жүзбенен Жүрегімді сыйлайын. Ыстық алақаныммен Қолыңды бер қысайын, Амандасып өзіңмен Құшақтасып алайын. Сәлеметсіздер ме , қонақтар! -Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетінде әдемі торғай туралы әңгімелесетін боламыз..Ал кәне айтыңдаршы қандай құстарды білесіңдер? -Иә,балалар құстардың түрлері өте көп. Осының ішінен балалар бүгін біз торғай туралы танысатын боламыз. Мына құс өзіміздің ауламыздағы кездесетін құстың бірі-торғай екен.Өзі дөңгелекше тәрізді.Торғай өзі кішкентай құс,тұмсығы да кішкене,аяқтары да кішкене.Өздері топтасып ұшып жүреді,дәнмен қоректенеді.Дәнді шоқып жейді,дәнді ұнатады

	Көзге арналған гимнастика: «Сәуле» **Музыка** Музыка тыңдай отырып,таныс шығармаларды ажырату,алған әсерлерін әңгімелеп айту. Ән тыңдау: «Көктем вальсі» П.Чайковский Ән айту: «Қарлығаш» Б.Бейсенова Аспапта ойнау: «Көңілді оркестр» Әуенді-ырғақты ойын: «Ақсерек көксерек» Шарты:Балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Арақашықтық 20-30қадам.Балалар өлең жолдарымен бір баланың атын атайды.Сол бала жүгіріп қолдарын ажыратып кетуі керек Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы алып қайтады. **Міндеті:** Қазақ халқының ұлттық ыдыстарымен таныстыру.Балаларды әңгіме айтуға, затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға үйрету. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.	-Балалар, үй жануарларының төлдерін атап беріңдерші? Қандай үй жануарларының адамға пайдасы тиеді, деген әнгіме жүргізіп, сурет бойынша көрсету. Жануарлар үйде адамның көмегімен өсіреді Халқымыз үй жануарларын қастерлеген. Төрт- түліктің аты мен пір атасын айтып өту. Үй жануарлар адамға тигізетін пайдасы өте көп деп түсіндіріледі. Қалай дыбыстайды? Қалай шақырамыз? Жұмбақ жасыру. 1.Көкке шаншып құйрығын Келеді шаншып жүйрігің (құлын) 2.Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе- верблюд) 3.Кішкене ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (Қой-овца) 4.Өзі күшті, мүйізі мықты, Төрт бұлағы сүт, Баға білсең құт. (Сиыр-корова) Секең-секең етеді, Тау мен тасқа жетеді. (Ешкі-коза) -Міне, қызық балалар, жұмбақтардың жауабын дұрыс таптыңдар. -Балалар, мен сендерге үй жануарлары туралы кішкене мағұлмат берейін, сендер мұқият тыңдаңдар. Тәрбиеші төрт- түліктің аты мен пір атасын айтып тұрады. Ал балалар төрт –түлікті кім бағады? Қалай дыбыстайды? Қалай шақырамыз? Сұрақтарына жауап беріп отырады. Жылқы атасы- Қамбар ата. Сиыр атасы- Зеңгі баба. Түйе атасы- Ойсыл қара. Қой атасы- Шопан ата. Ешкі атасы- Сексек ата. -Пұшайт-пұшайт.	жеңілдетуге, жылдамдатуға көмек береді. Электр көзі болмаған кезде ертедегі адамдар шаңсорғыштың орнына – сыпыртқыны, кір жуғыш машинаның орнына – легенді, үтіктің орынына-шоқ үтікті пайдаланған екен. Балалар бізге үлкендерсіз электр көзіне жақындауға болмайды. Ол өте қауіпті, дұрыс орындамаған жағдайда өмірімізге қауіп төніп, өрт шығуы мүмкін. Ашық сұрақтар: «Бала үні» әдісі. Суретке назар аудару, элетро техникалық заттардың қайда орналасқанын сұрау.(Мысалы: оң жақта шаңсорғыш,ал сол жақта кір жуатын машина т.с.с) -Ал, балалар, электро техникалық заттар қалай жұмыс жасайды екен? -Олардың қандай түрлері бар екен? -Оларды біз не үшін қажет етеді екенбіз? -Ертеректе электр көзі болмағанда адамдар қалай өмір сүрген екен? -Электротехникалық заттарды пайдалануда қандай ережелерді сақтау қажет? Қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: -Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды. -Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды. -Ересектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.	таңдап алып,ойынды ойнау. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асықты әрі қарай бер». **Міндеті:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға,оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Төрт түлік туралы түсініктерін кеңейту,мақал-мәтелдер айту. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру.Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның	екен.Ал адамдар құстарға ағаштан жем салғыш жасап,ішіне жем салып,құстар келіп қонады екен.Біз оларға қамқор болуымыз керек. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Балалар мына жерден не байқадыңдар? -Иә, мына жерде жұмыртқа жатыр. Кәне,зейінімізді мына жұмыртқаға аударайықшы. 1-ші жұмыртқаның ашылуы.(Әуенмен) -Балалар ішінен не шықты? Балалар бұл ұя бізге тапсырма әкеліпті.Бұл тапсырмада бізден құстың ұясына байланысты тыйым сөздер сұрайды. -Ал ендеше 2-ші жұмыртқаны ашайық.(Әуенмен) -Ой балалар, бұл балапан ғой.Бұл балапанның да бізге тапсырмасы бар екен.Бізден құстар туралы тақпақтар сұрайды. **(тіл дамыту,қазақ тілі,музыка)** -Балалар байқадыңдар ма, жұмыртқа қандай пішінге ұқсайды? -Ал балалар осы 3-жұмыртқаның көлемі бірдей ме? -Қане,салыстырып көріңдерші? **(математика негіздері)** 3-ші жұмыртқаның ашылуы (Әуенмен)

	Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Мына, суретте нені көріп тұрсыңдар? - Бұл ыдысты не үшін қолданады деп ойлайсыңдар? - Балалар, бұл – торсық. - Торсық дегенің не екенін білесіңдер ме? - Торсық – түркі халықтарының қымыз, шұбат, іркіт құюға арналған ежелгі ыдысы. Әсіресе, оны қырғыз, қазақ, түрікмен, қарақалпақтар жиі пайдаланған. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің	-Ешкіні шөре-шөре деп шақырады. -Жылқы кісінейді. Жылқыны- қырау-қырау деп шақырады. -Түйе боздайды. -Түйені көс-көс деп шақырады. -Сиыр мөңірейді. Сиырды аухау- аухау деп шақырады. Төрт түліктің белгісі. Түйе-байлық Қой-мырзалық Ешкі-жеңілдік Жылқы-сәндік Сиыр-ақтық Түйенің тобы –келе Жылқының тобы-үйір Сиырдың тобы-табан Қой, ешкі –отар. -Балалар, осы жануарлардың ішінен мен сендерге қой туралы толығырақ айтып көрсеткім келіп отыр. -Қой қалай дыбыстайды? -Қой маңырайды. -Қойларды суарарда қалай шақырады? -Пұшайт-пұшайт. Дұрыс айтасыңдар, қойдың етін жейміз, терісін, жүнінен киіз басамыз,киім кешек, тұлып тоқиды. Қойға байланысты мақал-мәтеліміз де бар. -Қойдың сүті қорғасын. Қойды ұрған оңбасын,—қойдың сүті пайдалы екен,балалар,одан құрт жасайды. Қойдың майын емге де пайдаланамыз. —Мал өсірсең,қой өсір Өнімі оның көл-көсір демекші Әжелеріміз қойдың жүнінен көрпе, жіптер жасаған. Киіз басып, текеметтер, алашалар, сырмақ тоқыған. Қойдың мүйізіне қарап ,ою өрнектерді сырмаққа салған. Қойдан асық аламыз,солай ма ,балалар,кандай асықтар туралы ойын білеміз.	-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды. -Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды. **(тіл дамыту,қазақ тілі)** Топтастыру: -Ал, енді балалар бүгін біз ұйымдастырылған іс-әрекетінде, топта танысқан электротехникалық тұрмыстық заттардың түрлері бойынша әр түрлі ойын арқылы тапсырмалар орындаймыз. 1-топ «Шаңсорғыш» тобы. Ойын:«Сиқырлы шеңбер» Шарты: Люллия шеңбері арқылы электротехникалық заттарды ажыратып, не үшін қажет екендігін атайды. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** 2-топ «Блендер» тобы. Ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат» Шарты: Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі.Балалар солардың ішінен электротехникалық заттарды тауып,салыстырады. **(математика негіздері)** 3-топ «Кір жуғыш машина» тобы. Ойын: «Қызықты теледидар» Шарты: Майшам арқылы бастырып, теледидардың бейнесін бояу. **(сурет салу)** - Енді бүгін кім қандай топта жұмыс жасады? Қандай заттармен таныстыңдар? Кім әңгімелеп береді? Еркін ойын: «Сатушы»	жабдықтарымен, сандық, кебежемен, ұлттық киімдерімен таныстыру,оларды мүсіндеуге баулу, шығармашылық қиялды дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** -Мен сендерге бір ойын ұсынғым келіп тұр. Ойынның аты «Кетті, кетті орамал» - деп аталады. Ойынның шарты: Мен өлеңдетіп орамалды тастаймын, кімнің қолына түседі, сол сұраққа жауап береді. Сұраққа дұрыс жауап берсеңдер дорбаның аузы ашылады.Дайынсыңдар ма? -Шеңберді айнала, ойынды бастадым, Орамалды бір балаға тастадым. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінде неше ай бар? -Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? -Айналаны қоршап тұрған заттарды бір сөзбен не деп айтамыз? -Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғатқа нелер жатады? Неге?	Бұл жолы жұмыртқадан құстың өзі шықты ғой. Бұл қандай құс? -Ал балалар, бұл торғай бізден көмек сұрай келіпті. Көмектесесіңдерме? Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: фетр материалынан жасалған құсты құрастырады(басы-көзі,тұмсығы,денесі,қанаты-құйрығы). **(құрастыру)** Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты» **(дене тәрбиесі)** Ойын: «Сипаттап бер» Шарты: Сұрақтарға жауап беру. -Торғай қайда ұшады? -Торғай қайда өмір сүреді? -Торғай дәнді қалай жейді. -Торғайға аса не қажет? -Торғайдың ең сүйікті асы не деп ойлайсыңдар? - Торғай ағашты неден қорғайды? Таңғажайып сәт: Топқа тал кейіпкері келеді, қолында 4 заты бар. Құс ұясы, алақан ,ағаш бұтағы, ұя. -Сәлеметсіздер ме,балалар! - Мені танисыздар ма? -Өте дұрыс ,мен сіздер білетін тал боламын! Бірақ менің бұтақтарыма көптен бері құстар қонбай кетті(мұңайып). -Неге екенін білмеймін? (айналасынан құстарды іздеп) -Мен оларға аялы алақанымды,ұяшығымды,ағаш бұтақтарымды,құс ұясын

	мойын терісінен жасалады. Өңделген теріні қалыпқа салып пішеді де, таспамен тігеді. Торсықты қарағайдың бүрімен немесе арша, тобылғымен ыстайды. Торсықтың түрлері: шимайторсық, өркештorсық, жанторсық, мүйізторсық, т.б. Торсықтың бүйірі дөңгелек, мойны жіңішке әрі ұзын болып келеді. Аузына ағаштан тығын тығылады. Ол жоғалып қалмау үшін қайыстан бау өткізіп, бір ұшын торсықтың мойнына бекітіп қояды. Кейбір торсықтарға арнаулы мүйізшапқымен (ысқышпен) әртүрлі өрнек салынады. **(тіл дамыту,қазақ тілі,қоршаған әлеммен таныстыру)** **Сергіту сәті:** *Айналаға қарайық,* *Отырайық, тұрайық,* *Біз тынығып алайық.* *Тынығып біз болған соң,* *Әсем сурет салайық.* Үлгіні көрсету арқылы пішіндерді дұрыс орналатыру туралы түсінік беріп өту, оның пішініне,көлеміне,ою-өрнектермен әшекейленуіне,теріден жасалатынына,жеңіл	Балалар: «Ханталапай», «Асық ату», «шахмат» ойыны Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер көрсетеді. Балалар сол суреттер жайында айтуы керек. Балалар сендерді ата-аналарың қалай еркелетеді? Ал енді балалар, сендерге хат келіпті. Хатты ашып оқиын. Хатта: Саламатсыздар ма! Балалар ! Мен сіздердің жайлаудағы ата-аналарың сендерге өлең шумағын жазып жіберіпті. Төрт түлік малда өз төлдерін еркелетеді. Соны мен сендерге басын оқып тұрамын, ал сендер артын жалғастырыңдар. Сөйтіп атамыздың сұрағына жауап берейік. Түйе сүйеді баласын -«боташым» деп «Жаудыраған көзіңнен -тоташым деп» Ешкі сүйеді баласын -«лағым» деп Тастан –тасқа секірген -«шұнағым»деп Жылқы сүйеді баласын -«құлыншағым» деп Тұлпар барып жүгірер -«жұлынным» деп. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)** Сергіту сәті: «Қошақаным» әні. **(музыка)** Төрт-түлік мал туралы көп нәрсе біледі екенсіңдер! Таңғажайып сәт: Қойшының баласы кіреді. Асықтардан үй құрастыруға болатындығын,сырмаққа ою өрнегімізді салу арқылы, жүннен неше түрлі заттар жасауға болатындығын жұмыстарынан көрсетеді. Балалар үш топқа бөлініп, киіз үйге асықтарды жіпке тізе бастайды.екінші топ сырмаққа қошқар мүйізді оюды салады, үшінші топ қошақанның суретіне жүнін жапсырады. **(сурет салу, жапсыру, құрастыру)**	Шарты: балалар ішінен бір сатушы,ал қалған балалар сатып алушы болады.Сатушы өзінің мінезімен басқа қырынан да көрсетеді. **(көркем әдебиет)** «От шашу» әдісі (Балалар өз-өздерін бағалайды). Ойын: «Не пайда болды?» Шарты: Сіріңке қораптарын құрастырып алып,оның сыртын түрлі түсті қағазбен жапсыру,ермексаздан антеннасын жасау, оның ішіне қиылған бейнелерді орналастыру. **(құрастыру,жапсыру,мүсіндеу)** Қимылды ойын: «Шаңсорғыш» Шарты: Ойын музыка әуенімен ойналады,түрлі қимылдар жасайды. Барысы: Күн сәулесінде шаңдар көңілді болып билейді. Шаңсорғыш жұмыс жасайды. Ақырын - ақырындап шаңдар айналып кетеді де, еденге барып шөгіледі. Шаңсорғыш шаң жинайды; кімге тисе, сол орнынан тұрып кетеді. **(дене тәрбиесі,музыка)** **Музыка** Музыка тыңдай отырып,таныс шығармаларды ажырату,алған әсерлерін әңгімелеп айту. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев Ән айту::«Қарлығаш» Б.Бейсенова Аспапта ойнау: «Көңілді қасықтар» Әуенді-ырғақты ойын:	-Өлі табиғатқа нелер жатады? Неге? -Сендер қай ұлт өкілісіңдер? -Қандай мемлекетте тұрасыңдар? -Отан дегеніміз не? -Өте тамаша! Кәне өзімізге шапалақ ұрып көңілімізді көтеріп қояйық. Жарайсыңдар балалар сендер сондай ақылды, тапқыр екенсіңдер. Мінекей дорбаның да аузы ашылды, алақай! (Тәрбиеші әр баланың жанына барып бір-бірден үш түрлі (қызыл, көк, жасыл) асықты алғызып, сол түске байланысты бес топқа бөліндіреді). -Ал енді «Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар» - демекші, біз «Алтын сақа» деген интелектуалды ойын ойнаймыз. Ойын бастамас бұрын әр топтың топ басшысы келіп дорбадығы қалған асықты алады, ішінде «Алтын сақа» болуы керек. Дорбада үш асық болады: алтын, күміс, жай. «Сақа» - деген не екенін сұрап, соған түсінік беру.	әзірлеп келдім,тек осыған қонатын құстар болса….(мұңайып) - Мен сендерден көмек сұрай келдім. - Қане,балалар,талға көмегімізді береміз бе? - Ал, сен тал мұңайма,балалар әрдайым көмекке әзір. Ойын: «Әдемі торғай» Шарты: дайын тұзды қамырдан торғайдың мүсінін жасау. Түсіндіріп өту. Біздің пайдаланатын құралымыз: тұзды қамыр.Оның құрамында:тұз ,су ,ұн ,лимон қышқылы , бояғыштар болады. Алдымен,балалар ермексазды болсын,қамырды болсын қолданар алдындағы қауіпсіздік ережесін еске түсірейікші. 1.Қамырымызды ауызға салмаймыз. 2.Еденге түсірмейміз, жабысып қалады. 3.Киімімізді таза ұстап, қол-қап киіп аламыз. 4.Жұмыс соңында қолымызды дымқыл шүберекпен сүртеміз. Кәне, балалар алдарыңызға үйлестірілген қамырдан,алдымен денесін жасаймыз.Ол үшін 2 домалақ дайындап аламыз.Үлкені-денесі, кішірегі –басы болады.Үлкен домалақты сопақша пішінге келтіріп,дене қыламыз.

	болатынына назар аудару. - Біз торсықтың қандай ыдыс екенін біліп алдық, енді ата-әжемізге сыйлыққа беруге өздеріңіз торсық жасағыларыңыз келе ме? Ал, онда біздер үш топқа бөлінейік те ермексазбен және бояулармен торсық жасап көрейік. 1 топ: Торсықты оюлармен, үзік сызықтармен салу. 2 топ: Жгут әдісімен торсық бейнесін мүсіндейді. 3 топ: былғары кесінділерін қолданып ою-өрнектерді торсыққа қиып, желімдейді. **(математика негіздері,сурет салу,мүсіндеу,жапсыру)** Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру.	Балалар қонаққа қойдың жүнінен, асықтан көп пайда акелетіндігін шығармашылық жұмыстары арқылы көрсетеді. Қорытындылау. Үй жануарларының пайдасы бар ма? -Сонымен балалар, бұл үй жануарларының бізге тигізетін пайдасы өте көп екен. Сондықтан біз оларды күтіп, бағуымыз керек. Ал ендеше балалар: Өте жақсы қатыстыңдар! Балалар мадақталады. «Балалар жүректерің әрқашан жүгіретін жануарларға да, ұшатын құстарға да, қайырымды болсын!»	«Қимыл ойлап табу» Шарты:Балалар шеңберге тұрады. Жетекші ойыншылардың біреуін ойын бастаушысы етіп тағайындайды.Ойын бастаушысы бір қимыл көрсетеді,қалған балалар соны қайталайды.	Сақа деп айтыңдаршы. Гаухартас менімен бірге тіл жаттығуын қайталашы: қа-қа-қа-ойнаймыз біз сақа. Кәне енді бәріміз бірге қайталаймыз. «Ханталапай» ұлттық ойынында да осы сақаны қолданып ойнайды. -«Алтын сақаны» Мыстан апа ұрлап кеткен екен. Біз тапсырмаларды дұрыс орындасақ Мыстан апамыз «Алтын сақамызды» қайтарады. Олай болса ойын шартымен таныстырайын. Жердегі сызылған ұяшықтардың біреуіне асықты түсіру керек. Сол ұяшықта жасырылған тапсырма болады, онда Мыстан апамыздың ұяшығы және тосын ұяшық болады. Мыстанның ұяшығынан сақ болуымыз керек, ол өте қиын тапсырма беруі мүмкін.Ойынды бірінші болып алтын асықты алған топ бастайды, екінші күміс, үшінші жай асықты алған топ жалғастырады. **(қазақ тілі)**	Саусақпен басу арқылы қанатын жасаймыз.Ал торғайдың аяғын жасау үшін, қамырымыздан кішкене бөлік алып,таяқша етіп алақанымызда ысқылаймыз. **(мүсіндеу)** Балалар үстел үстіне суреттер жайғасқан қараңыздаршы.Осы мүсіндеп жасаған торғайларыңды өз қиялдарыңа ,еріктеріңе қарай суреттерге орналастырыңдар.Өз торғайларыңды қайда қойғыларың келеді екен,қане көрейік. **(жапсыру)** -Міне,тал енді көңілін көтерілді ме,біздің балалар қандай әсем әдемі торғайлар жасап берді-деп талға береді.Тал рахметін айтып: -Балалар, мен сендерге риза болдым.Менің қуанышымда шек жоқ.Сау болыңыздар!(тал кетіп қалады) -Ал балалар,құстарға ұя жасап,өз мекеніне орналастырдық. Балалар, ендеше ауладағы құстарға жем беріп қоректендірейік. Ойын: «Жем шашайық» Шарты: дайын бояуды саусақтың ұшымен нүктелер жасайды. **(сурет салу)** Құстарға әр кез қамқор болайық! Құстар— біздің досымыз!

				1 – айналым: Асық жерге тасталды, Алтын сақа басталды. **I – топ.**Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім беске дейін тура әрі кері санап береді? **II – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім біледі не екіден болады? (екі көз, құлақ..) **III – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? Кәнекей кім үшке дейін үш тілде санап береді? **IY – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? 4 саны, өте дұрыс. Төрт санына байланысты не білесіңдер? (төрт түлік, төрт құбыла..). **Y – топ.** Кәне қандай ұяшыққа түсті екен? Қандай сан белгіленген? 0 саны, өте дұрыс. Ол санды неге ұқсатасыңдар? (шелпек, дөңгелек..) **(математика негіздері)** **2 – айналым:**	

				I – топ.Түсі қандай? Жасыл түстен не болады? (шөп, доп...). Сұрақ: «Қазақ халқының ертегілерін ата» Шарты: интерактивті тақтада өзге ұлттың және қазақ халқының ертегілерінің кейіпкерлерінің үзінді сюжетті суреттерінен қазақ халқының ертегісін тауып айтып беру. **II – топ.** Түсі қандай? Ақ түстен не болады? (сүт, қар...). Сұрақ: «Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?» Шарты: интерактивті тақтада сюжетті суреттерді шатастырып көрсетеді, сол суреттерден балалар тауып атап береді. **III – топ.** Түсі қандай? Көк түстен не болады? (ту, аспан...). Сұрақ: «Қазақ халқының ұлттық ойындарын ата» Шарты: интерактивті тақтада өзге ұлттың және қазақ халқының ойындарының суреттерінен ұлттық ойындарды тауып,атап беру. **IY – топ.** Түсі қандай? Сары түстен	

				не болады? (күн, шар...). Сұрақ: «Төрт түлікті атап беріңдер» Шарты: интерактивті тақтадан аралас суреттердің ішінен үй жануарларының суреттерін тауып атап береді. **Ү – топ.** Түсі қандай? Қоңыр түстен не болады? (қонжық, ағаш...). Сұрақ: «Қазақ халқының қазақ үйінің жабдықтарын ата» Шарты: интерактивті тақтада суреттерді шатастырып көрсетеді, сол суреттерден балалар тауып атап береді. **(көркем әдебиет,қоршаған әлеммен таныстыру)** **3 – айналым:** Музыкалық үзіліс. Бой сергіту жаттығуы. **(музыка)** **4 – айналым:** Асық жерге тасталды, Алтын сақа басталды. Мыстан апаның ұяшығы. Бейнесұрақ. **І – топ.** Менің үстімдегі киім қалай аталады? Қай ұлттың киімі? (шапан) **ІІ – топ.** Мынау не? Қай ұлттың тағамы және оны неден жасайды? (құрт)	

				III – топ. Мынау не? Ол не үшін қажет? (бесік) **IY – топ.** Мынау не? Бұл қай елдің аспабы? (домбыра) **Y – топ.** Қазір жылдың қай мезгілі? **(тіл дамыту)** Ай аттарын атап беріңдер? Мыстан кемпір: Өз туған жерлеріңді, Отандарыңды құрметтеңдер. Салт-дәстүрлеріңді сақтаңдар. Табиғатын қорғап, аялаңдар. «Отан – оттан да ыстық» - деп бекер айтылмаған деп Мыстан кемпір «Алтын сақаны» беріп,қоштасып кетеді.	
2-ші таңғы ас	Ас болсын тамағың Өсіп ер жет қалмағың Орындалсың арманың Бойға сіңсін жеген тамағың. Аумин **(тіл дамыту)**				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 23** **Балалармен жеке жұмыс:** **Жұмбақ** Шым тостаған Далаға кім тастаған? (Құстың ұясы) **Коммуникативтік дағды** **Құс үйшіктерін бақылау** **Міндеті:** Тұмсығымен тістеген шөп, жүн-	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** **Тақпақ оқу, жаттау**	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс:** **Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды**	**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді.

	жұрқаны ұясына алып келген қараторғайды бақылау. Үй алдында ән салуын, қанат қағысын, басын шұлғып тұмсығын кеңінен ашады. Құс үйшігінің жанында, балаларды өзін байсалды ұстай білуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Өрт сөндірушілер»** **Міндеті:** Гимнастика баспалдағынан жүру, балалардың өздерінің қимыл қозғалыстарын үйлестіре алуы. Сорғышты шайқау. Балалардың белгі бойынша қимыл әрекетін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** **Жер қазу жұмысы** (ағаштардың түптерін қопсыту, құрғақ жапырақтарды жинау). **Міндеті:** Балаларды құрғақ жапырақтарды жинауға қатыстыру, белгілі бір жерге апарғызу. Балаларды тазалық пен еңбек етуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы менептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** **Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күнннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Ұшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.				

	(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (**Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	-Балалар,бұл ұлттық бұйым-торсық.Торсыққа ұзақ жолға шыққан жолаушы (ержігіт) қымызды толтырып алып шығады,жолда ішкен қымыз,әрі шөл қандырады,әрі күш береді.Ұлттық ыдыстар туралы бейнеүзінді тамашалау,әңгімелесу. **(көркем әдебиет)** Ойын: «Торсықты құрастыр» Шарты: әр бала өзінің алдындағы қиылған торсық суреттерін төрт бөліктен құрастырады. **(құрастыру)**	Ал, енді мен сендерге өлең оқып берейін,мұқият тыңдап алыңыздар: «Түйе , жылқы, сиыр, қой-төрт-түлік осы біліп қой!» Ең зор түлік түйемін Тікенді шөпті сүйемін Пайдалансаң , сүтім-шұбат, Дертке дауа, жанға қуат Қу тышқанға алдандым Жыл басынан құр қалдым Арғымақ, тұлпар-жылқымын Мақтанышы-жұртымның Ерге қанат тұлпармын Қай түлік келер маған тын Сүтім-қымыз, етім ем Білесіңбе оны сен? Мінезім жайлы –сиырмын Байлығымын бір үйдің Етім дәмді , сүтім бал Сиырымды менің ұғып ал Қой, ешкі –бір түлікпіз Бірге өстік , еш күдіксіз Теріміз тон былғары, Жүніміз-киім, тұр әне	**Вариативтік компонент:** **«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Бау-бақша бізді күтуде» **Міндеті:** Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуді жалғастыру. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Көкөніс көшеттері, күректер, суқұйғыштар **Барысы:** Шаттық шеңбері. Өз тәжірибелеріне сүйене отырып көкөніс көшетін отырғызуды үйретуді жалғастыру. Көргендерін түсіндіру қабілеттерін дамыту. Сергіту сәті. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Қорытындылау.	«Алтын сақаны» алу үшін біз қандай тапсырмалар орындадық,еске түсірейікші. Балалар мына суретте ненің суретін көріп тұрсыңдар? - Киіз үй туралы не білесіңдер? - Кім киіз үйдің ішіне кіріп көрді? - Киіз үйді неден жасайды? - Киіз үй жабдықтарын білесіңдер ме? - Қазақ халқының қандай дәстүрлерін білесіңдер? - Ұлттық қандай ыдыстарды білесіңдер?	Мен сендерге құстар әлемінен бір тамаша ертегі алып келдім. Қане құлақ салып тыңдаңыздар. Ертеде бір бұлбұлдың балапаны болыпты. Балапан өсе келе мінез шығарады. Бірде ол: - Неге ұяны жерге емес, басқа құстардай биікке салмайсыңдар? Неліктен алып құстадай ірі болмайсыңдар?– деп ата - анасының мазасын алады. Оны естіген ата бұлбұл: – Саңқылдап сұңқар, қарқылдап қарға, тыраулап тырна бола алмайсың, шырағым. Ақылың болса өз сәніңмен, өз әніңмен ата жолын жалға, – деп өсиет айтады. Ерке бұлбұл ата сөзіне құлақ аспайды.Өзінің

		Етім тәтті, сүтім бал Қой ешкі ең құнды мал. **(көркем әдебиет)** Сиқырлы қоржыннан барлығымыз асықты таңдап аламыз. Кімге қызыл асық түссе «Хан» тобы , кімге көк асық түссе «Уәзір» тобы болады. «Хан» оң жаққа, «Уәзір» тобы сол жаққа отрамыз. «Хан» тобы. Ойын тапсырма: Асықтарды түсіне және санына қарай санап орналастыр,тура және кері санау. **(математика негіздері)** «Уәзір» тобы. Ойын тапсырма: Түрлі-түсті ермексаздан асық мүсінін жасау. **(мүсіндеу)**		Торсық қандай материалдан жасалады? Топпен жұмыс жасау. 1 – топ «Шаңырақ» Шаңырақтың суретін саласыңдар. **(сурет салу)** 2 — топ «Уық» Киіз үй неше бөліктен тұрады, қағаз бетіне орналастырыңдар. **(жапсыру)** 3 – топ «Кереге» сендерге киіз үйді жабдықтары туралы әр түрлі пішіндер берілген киіз үйді құрастырыңдар. **(құрастыру)** 4 – топ «Есік» Киіз үйдің ішіндегі үй жиһаздарын жекеше-көпше түрде атаңдар. **(тіл дамыту)** 5 – топ «Торсық» Затқа қарап торсықты мүсіндеп, қазақ оюларымен әшекейлеңдер. **(мүсіндеу)**	қандай құс екенін білмейтін ол әсем дауысымен баурап алар серік іздеп, ұясын тастап ұшып кетеді. Ерке бұлбұл құстар әлемін ұзақ аралайды. Сөйтіп ерке бұлбұл келе жатып қарғаға кездеседі. – Қарға: мен қарғамын, қарғамын, Көп қой менің арманым. Қарқ - қарқ, келе ғой бұлбұлжан. – Бұлбұл: Өзі қап - қара, даусы қандай жаман еді. Ұнамайды маған. – Сауысқан: Кел бұлбұлым, Сауысқанмын саңқылдаған, Қонақжаймын аңқылдаған. – Бұлбұл: Қалай дауыстайды? Даусы нашар екен. – Торғай: Бұлбұлжан келе ғой. Мен торғаймын, торғаймын, Ағаштарды қорғаймын. – Бұлбұл: Қызық қой мынау өзі, шамаңа қарашы. – Бүркіт: Мен бүркітпін, бүркітпін, Құстың бәрін үркіттім, ха - ха - ха. – Бұлбұл: қорқыныштысын - ай, үлкенін - ай. – Қарлығаш: Келе ғой бұлбұл. Қарлығашпын қалықтаған, Ұшудан ешбір жалықпаған. – Бұлбұл: Қан дай ідемі құс еді, бірақ неге құйрығы айыр? Ұнамайды маған. Деп ұша жөнеледі. Қанша құстардың сан алуан түрлері мен тіршіліктерін көреді. Бірақ жүрегіне жақын үн,

					жанына жайлы ұя таба алмайды. Шаршап - шалдығып өз ұясына оралады. Балапанын көріп қуанған ана бұлбұл құбылтып ән салады. Сазды әуеніне табиғат тамсанады. Ән тербеген ерке бұлбұлдың бойы балқып, ұйқыға кетеді. Ертеңіне таңмен бірге оянып: Туған жерім – қымбат мекен, Өскен ұям ыстық екен. Бұлбұл үні – өз тіліме, Ешбір әуен жетпейді екен, – деп сан алуан ырғаққа салып сайрайды. Ерке бұлбұлдың сазды әуенін барлық құстар қызыға тыңдайды. Осы күннен бастап әнші бұлбұлдың даңқы бүкіл әлемге жайылады. Балалар ертегі сендерге ұнады ма? – Ертегі не туралы екен? – Ертегіде қандай құстар кездесті? Ертегіні сахналау. **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстырып айта алуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната білуді, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтай білуге үйрету.	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен	Нұрия, Айбар, Раяна, Хамза, Ханшайым, Мейірім, Байдаулет, Мансур, Нұрия, Ажар **жеке жұмыс** Қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасауды, оларды кезектестіріп ретімен желімдей білуді үйрету.

			(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 23	№ 14	№ 19	№ 3	№ 21
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз.Шыдамды болыңыз,балаңыздың сөзін бөліп,оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз»	«Қошақаным» әнін үйде жаттап келулеріне ұсыныс білдіру.	Көктем мезгілігін ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Балаларға үйден ата-аналарының қандай мамандықта жұмыс жасайтыны жөнінде әңгімелеп келулеріне ұсыныс білдіру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Құндылық – **Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Аптаның дәйек сөзі: «Шеберлік — еңбекпен келеді»

Мектепке дейінгі ұйым: ЖШС «Нұрлан - К.А.» «Күншуақ» балабақшасы
Тобы: «Ботақан» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 13.04 - 17.04.2026 жыл

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«**Менің Қазақстаным»** Қазақстан Республикасының Гимн орындалуы **Күй күмбірі «**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау **Күй күмбірі«**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау,әңгімеге тарту. **(қазақ тілі)** **Күй күмбірі «**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **Күй күмбірі«**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(тіл дамыту)** **Күй күмбірі «**Әсем қоңыр» Ұлы күйші Д.Нұрпейісова. **Адал Азамат**

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	**Өнегелі 15 минут «Өзіңді дұрыс танып-білу»**әңгімелеу Өз қасиеттеріңді тану. Өзін-өзі дамыту жолдары. Өзін жақсы көріп, өзіне қамқор болу.	**Өнегелі 15 минут «Тыңдау және жауап беру»** Міндеті:Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруге үйрету	**Өнегелі 15 минут «Қайырымдылық пен көмек көрсету»**әңгімелеу Қайырымдылық – үлкен игі іс. Көмек көрсету арқылы жақсылық жасау. Қажетті адамға көмек көрсету – игі іс.	**Өнегелі 15 минут «Достықтың құндылығы»** Міндеті:Достық не үшін қажет екендігін, бір-біріне қалай көмектесудің,жақсы дос болудың маңыздылығын үйрету.	**Өнегелі 15 минут «Сыйластықпен тәртіп» ә**ңгімелеу. Сыйластық дегеніміз не? Өз ісіне жауапкершілікпен қарау.Кішігірім іс-әрекеттердің мәні.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	**«Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттері: балаларды өз бетінше дүкенші мен сатып алушының қызметін орындауға үйрету. Бір-бірімен ізеттілікпен сөйлеуге үйрету. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)**	Үстел үсті ойын: «Кім мерген» Шарты:Балалар резина мен асықты ату арқылы опай жинайды.	Д/О: No17 «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.	«Хоккей » Міндеті: Шапшаңдыққа,ептілікке дағдыландыру. Шарты:Балалар кубикті лақтыру арқылы асықтарды жинайды.Кім көп асық жинаса сол жеңімпаз болады. Адал Азамат	" Үстел үсті ойын: Д/О.«Шертпек». Шарты: балалар асықты шерту арқылы опай жинайды. Бала асықты шерткенде дәл түссе, өзіне сол асықты жинайды.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертенгі жаттығулар кешені №16 (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын үстелге қою). **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Тіл ұстарту жаттығуын жаттау. Міндеті: Анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ша – ша – ша Жап – жасыл шырша. Ар – ар – ар Қандай аппақ қар. Ыс – ыс – ыс	Мамандықтардың құралдары суретіне қарап әңгімелесу. **(тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**	«Көршісін тап!» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету. Шарты: Әр балаға карточка таратылады сол арқылы санның	Сурет бойынша әңгіме құрастыру: -Жылдың қай мезгілі? Ай аттарын ата? -Қазір қай ай? -Бір аптада неше күн бар? -Аптаның қай күні? **Тіл дамыту**	**Заттық әлем:** Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білуін қарастыру.

	Келіп қалды қыс. **(қазақ тілі)**		көршілерін табу керек. **Математика негіздері**		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене тәрбиесі т/а** **«**Ойнаймыз – денсаулықты нығайтамыз» Міндеттері: қолды екпінді түрде жаза отырып, текшелерді алға-жоғары-алысқа дәлдеп лақтыруға үйрету. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап өту арқылы жүруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілеттерін, динамикалық тепе-теңдікті дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу. Ұйымдастырылған іс-әрекет: Доптарға назар аудару. Тізбекте бір-бірден жүру және жүруді жүгірумен алмастыру; шашырап жүру және жүгіру. Екі тізбек болып сапқа тұру. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар. Доппен орындалатын жаттығулар. 1. Б.қ.: отыру. Допты табанмен домалату – өкшеден аяқтың ұшына дейін, оң/сол аяқпен кезекпен қайталау, допқа қатты салмақ салмай жеңіл домалату. 149 2. Б.қ.: отыру. Допты табандарымен екі бүйірден қысып 5–10 секунд ұстап тұра, арасында босату. 3. Б.қ.: отыру. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта, өкшеден башпайларға қарай домалату.	**Дене тәрбиесі** **«Тұлпар»** **Міндеттері:** 2 метр жерде тұрып, допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыруды үйрету. Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Күшті болуға, ептілікке баулу, әрекет ету жылдамдығын күшейту. Балалардың ҚР аумағында тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінігін кеңейту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қазақтың ұлттық әуендерін тыңдау. Ертегідегі пырақ – «Тұлпардың» суретін көрсету. Тұлпарға мініп шабу үшін ептілікке үйреніп, жаттығуға шақырады. Қамшы мен сандықты көрсетеді. Негізгі кезең. «Епті саусақтар» Допты пайдаланып түзету жаттығуларын орындау: аяқтың ұшымен жүру – допты жоғары көтереді; өкшемен жүру – допты алға шығарып ұстайды. Денесін тік ұстап, алға қарап жүреді. Үш сап түзеп тұру.	**Музыка** Ән айтуда дауысты айқайламай,еркін шығаруға дағдылану. Бір-бірін тыңдап орындау. Ән тыңдау: «Достық» И. Нүсіпбаев Ән айту:: «Ағайынбыз бәріміз» М.Әубакіров Аспапта ойнау: «Көңілді қоңыраулар» Әуенді-ырғақты ойын: «Сағат» Шарты: Әнді әуенімен дұрыс тапқан бала арнайы әннің мазмұнына сай суретке апарып қояды. Күтілетін нәтиже:Музыка және оның бөлшектерінің өзгерістерге сәйкес қимылдарды орындауға дағдыланды. **«Суретпен әңгіме»** Міндеттері: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу. Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға,	**Дене тәрбиесі** «Тиін бізге қонаққа келді» Міндеттері: көлбеу тақтаймен жоғары өрмелегенде аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіруге үйрету. Затты алысқа лақтырған кезде қолды иықтан алға-жоғары көтеру және күшпен лақтыру қабілетін жетілдіру. Құрсаудан-құрсауға кезекпен, қос аяқпен бір уақытта секіру және жерге түскенде аяқты жартылай бүгіп түсуге үйрету. Дене тәрбиесімен айналысуға, епті әрі шапшаң болуға деген қызығушылығын ояту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден шеңбер құрап тұру, қолды әртүрлі қалыпта ұстап (жоғары көтеру, қапталға, алға созу, иыққа апару) аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру. Қарағай бүрлері немесе пластмасса ойыншықтарды пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау. Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысырақ лақтырады?». Лақтырудың	. «БӨТЕН АДАМ ЕСІК ҚАҚҚАНДА АШУҒА БОЛА МА?» Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты: балаларға есікті қағып жатқан бейтаныс адамдармен қарым-қатынас кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету. Міндеттері: Бейтаныс адамдарға неге есікті ашуға болмайтынын түсіндіру. Балаларға есікті кімдерге ашуға болатынын үйрету. Балалардың білімін практикалық жаттығулар мен ойындар арқылы бекіту. Материалдар мен ресурстар: әртүрлі адамдарды бейнелейтін суреттер немесе карточкалар (таныс және бейтаныс). Ұйымдастырылған іс-әрекет: Тәрбиеленушілермен амандасу. Есікті кімге ашуға болатынын не болмайтынын білу неліктен маңызды екендігі туралы қысқаша әңгімелеу. Кімдерге есікті ашуға болады: Тәрбиеші балаларға тек жақын адамдарға ғана (мысалы, ата-әжесі, анасы, әкесі, көрші) есікті ашуға болатынын түсіндіреді. Есікті ашпас бұрын, тіпті есіктің артында таныс адам болса да, әрқашан атаанаңыздан рұқсат сұраумаңызды. Кімдерге есікті ашуға болмайды: Балаларға таныстарыңнан келдім десе де, бейтаныс адамдарға есік ашуға болмайтынын түсіндіру. Егер бейтаныс адам есікті қақса, бұл туралы үлкендерге хабарлау керек және ешбір жағдайда есікті ашпауды түсіндіру. «Кімге есік ашуға болады» ойыны Тәрбиеші суреттерді көрсетеді немесе әртүрлі жағдайларды әңгімелейді, ал балалар есікті ашуға бола ма, жоқ болмайды ма туралы айту керек.

